




ТАБИҒАТ

«Айдын-шалқар тартылса, табанында шалшық қалады» демекші, тіршілік нәрі еліміздің барлық аймағы үшін өзекті болып тұр. Әсіресе, Ақтөбе іргесіндегі Сазды су қоймасы тартылудың аз-ақ алдында тұр. Қазір мұндағы су шамамен бұрынғы көлемінің оннан біріндей ғана. Қойманың маңында орналасқан саяжай тұрғындары да биыл ойдағыдай өнім ала алмапты.



АҚТӨБЕДЕ:

САЗДЫ ШАЛШЫҚҚА АЙНАЛМАСЫН...



Бұрын аумағы ат шаптырым болып жататын алып су қоймасынан қалғаны — табанындағы ми-батпағы шыққан таяз көлшік. Кезінде су ернеуінен асып-тасып жататын нағыз шалқартұғын. Ала жаздай бір тамбаған жанбыр көгілдір айдынды сарқып тынуға жақын. Алдағы алты ай қыста қар қалың түспесе, келер жылы жағдай бұдан да қиын болуы мүмкін. Бұрын жағасынан демалушылар үзілмейтін, балығы тайдай тулаған көлдің қазіргі хәлі, шынымен аянышты. Шалшық судың жағасына келіп, ұсақ шабакка қармақ салып отырғандардан басқа мұнда ешкім жоқ.




Жергілікті тұрғын Николай Дружинин «Қазақстан» ұлттық телеарнасына берген сұхбатында судың дәл осылай тартылғанын бірінші рет көргенін айтқан. Ол: «Мына жағалауға дейін су болған. Қазір дым жоқ.

Білмеймін, соны не боларын? Меніңше, канал керек сияқты», — дейді.

Ернеуі суға толған көгілдір айдынды тартыла бастауы бау-бақша салып, күнелтіп отырған мындаған тұрғынға жайсыз тиіп отыр. Саяжайдағылар ала жаздай суды сырттан тасып амалдапты.

Ақтөбе қаласының тұрғыны Людмила Добровольская: «Жазда су болмады. Суды үйден тасыдық. Одан бөлек, көлік жалдап, сатып алдық. Көп күш жұмсадық. Суды кейін



берді. Алдағы жылдары жақсы болады деп үміттеніп отырмыз», — деп көңілін жұбатады. Ал экологтар «Су қоймасын қайта қалпына келтіру — өте қиын жұмыс», — дегенді айтқан.

Айтпақшы, Ақтөбе қаласының маңындағы үш су қоймасының сыйымдылығы 560 миллион текше метр. Биыл жиналған тіршілік нәрінің көлемі 36 миллион ғана. Тіпті 10 есе тартылып қалған. «Қазақ су шаруашылығы» республикалық



мемлекеттік кәсіпорны филиалының директоры Әділжан Әлізақ: «Сазды саркылмау үшін біз Ақтөбе су қоймасынан Сазды өзеніне су жіберіп

жатырмыз. Жоба бойынша ол ендігі жылы маусым айында бітуі керек. Құрғақшылық салдарынан биылғы жағдай осындай болып қалды», — дегенді айтты.

Ақтөбе су қоймасы арқылы Саздының мәселесін шешу қиын. Егер алдағы қыста қар қалың түспесе, 7,5 миллион текше метр тіршілік нәріне шақталған су қоймасының табаны құрғап қалуы мүмкін.

Жарас КЕМЕЛЖАН

3

«28 МЫҢ ЕДІ, ҚАЗІР 22 МЫҢ...»

ҮШ ДОС ЕДІ...

5

ҚАЗАҚША ЖАЗУҒА ҚАУҚАРЫМЫЗ ЖЕТЕДІ

7

ЖЕҢІС ТУЫН ЖЕЛЫРЕТТІ

8

on the web
JASQAZAQ.KZ

КӘСІБІҢ – НӘСІБІҢ

ТҮРКІСТАНДА:

ҚОЯН ДЕП ҚОМСЫНБАДЫ



Жарты жылдан кейін екі бас қоян көбейе бастайды да, олардың көжекттері қолдан қолға тимей сатылып кетеді. Ташкенттен келген тұтынушылар барлығын бірден қымбат бағаға сатып алады. Осылайша, 200 мың теңгеден басталған хобби бизнеске айналып кетті. Ол 200 мыңның 80 мыңына жануарды ұстайтын тор, қалғанына жем алған.

(Бұл туралы 4-беттен оқыңыз)



БИРЖАМЕТР



МҰНАЙ (brent)
60,24



DOLLAR
387.92



EURO
431,67



РУБЛЬ
6,06

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



Той жасауға балаға,
Ең алдымен бап керек.
Мейрамханаға кіруге,
Ат емес-ау, тақ керек!

(Толығырақ 2-бетте)

БИЛІК

Осы аптада Алматыға жұмыс сапарымен келген Мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаев ірі мегаполистің тіршілігімен жан-жақты танысты. Қаланың қол жеткізген жетістіктерін тілге тиек өткен Президент жергілікті басшылықпен түйткілді мәселелер төңірегінде де пікірлесті.

Қ.Тоқаев Алматы қаласының активімен кездесті. Әлеуметтік-экономикалық дамытуға бағытталған кенеске бірқатар мекеме басшылары қатысты. Ол басқосуда көне шаһардың мәдениет орталығы, экономиканың күретамыры екенін айта келе: «Бүгінде Алматы білім, ғылым, мәдениет

мемлекеттік бюджетке түсетін түсімнің 20 пайызын беріп, банк несиелерінің 60 пайызын қамтамасыз етуде. Көтерме және бөлшек сауданың 40 пайыздан астамы, сыртқы сауда айналымының

үшін аялдамаларға ақпарат такталарын орнату мен смартфондарға арналған қосымшалар әзірлеу қажеттігі айтылды. Сондай-ақ Іле Алатауы ұлттық паркі аумағындағы жеке тұлғаларға зансыз



АЛМАТЫ ӨРКЕНДЕЙ БЕРУІ ТИІС

және іскерлік орталығы ретінде дамып келеді. Соңғы жылдары қалаға жана аумақтар қосылып, көлемі 2 есеге ұлғайды. Халқының саны 20 пайызға өсіп, бір миллион сегіз жүз мың адамға жетті. Қалада басқа өңірлерден келген және осы төңіректе тұратын жарты миллионға жуық адам жұмыспен қамтылып отыр. Қазір Алматыда банктердің, халықаралық ұйымдар мен трансұлттық компаниялардың бас кеңселері орналасқан. Осында ашылған Біріккен Ұлттар Ұйымының 17 мекемесінің өкілдіктері Орталық Азияның өңірлік хабына айналып отыр. Қаланың экономикалық, әлеуметтік, экологиялық мәселелеріне қатысты ауқымды жұмыс жүргізілді. Алдағы уақытта бұл бастамалар жалғасын табуы тиіс», — деген Президент Алатау етегіндегі алып қала тұрғындарынан күтері көп екендігін жеткізді.

Қазіргі кезде дүние жүзіндегі 600 қалалық агломерация әлемдік жалпы ішкі өнімнің үштен екісін өндіреді екен. Осы орайда Алматы экономиканы дамытуда алдыңғы орында болуы қажеттігі баса атап көрсетілді. Айталық, қазіргі кезде жалпы ішкі өнімнің бестен бірін,

15 пайызға жуығы осы қалада жүргізіледі. Осы жетістіктерге көлеңке түсіретін жағдайлар да барын еске салған Президент көлік кептелісі, экологиялық ахуал, білім мен денсаулық саласындағы түйткілдерді шешуді тапсырды.

Кейінгі жылдары құрылған Алатау мен Наурызбай аудандарындағы инфрақұрылымды сараптауды, тұрғындарға жайлы жағдай жасау қажеттігін де айтып, Көкжайлау тау шаңғысы курортын салу мәселесіне нүкте қойды.

Алматы — арман қала екені даусыз. Шаһар келешекте көрікті, инфрақұрылымы дамыған аймақ болуы тиіс. Әсіресе көлік қатынасын дамытудың маңызы зор. Мысалы, күн сайын 700 мыңға жуық автокөлік қала көшелерін кезіп жүрсе, 200 мыннан астам автокөлік Қаскелең, Қапшағай, Талғар және Шығыс айналма жолы арқылы кіреді екен. Бұл үлкен кептеліс тудырып, ауаны улы газбен ластауда. Сондықтан Мемлекет басшысы метроны дамытуды қарастыруды ұсынды. Сондай-ақ қалаға жақын аудандарды байланыстыратын қоғамдық көлікті дамыту да бірінші орынға қойылып отыр. Қоғамдық көлік жолаушыларына ыңғайлы болу

берілген жер телімдерін анықтап, алма бағын орынсыз отағандарға тиісті шара қолдану міндеттелді. Мұндайға жол берілмеу керектігі, осыған байланысты тиісті органдардың салғырттығына тосқауыл қою қажеттігі тапсырылды. Ендігі жерде Іле Алатауының бөктерінде алма бақтарын сақтау және өсіру мәселесі ерекше бақылауға алынады. Қала маңындағы табиғатты қорғау аймақтарына түгендеу жүргізіп, оларды пайдаланудың қатаң рәсімдері белгіленбекші. Әкімдік қаланы көгалдандыру және аты аңызға айналған Алматы апортын қалпына келтіру жұмыстарын жандандыруы тиіс.

Президент «Жана Алматы» бағдарламасының тұсаукесерімен танысып, «Балалар үйінің» тәрбиеленушілеріне пәтер кілттерін табыстады. «Tech Garden» инновациялық кластерінің жұмысымен, Инвестиция үйінің тыныс-тіршілігімен танысты. Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне барып, білім қара шаңырағының тыныс-тіршілігімен танысты.

Жамбыл ҚЫРҒЫЗБАЙ

Әлеумет.t⁰



КӨКТАСТАН КӨКҚАҒАЗ ТАПҚАНДАР

«Естімеген елде көп» деген рас екен. О заманда, бұ заман моланың басына қойған тасты ұрлағанды кім көріпті? Өскеменде сондай жағдай болды. Әлдебір сауда үйінің еденіне құрылысшылар бейіт басына қойған ескерткіш тақтаны кесіп әкеліп, бөлшектеп төсеп берген. Әдетте, зәулім сауда үйлері мен кейбір әйдік ғимараттардың табанына төселетін суретті тас тақтаның ою-өрнегі мен гүлдестесіне қызыға қарайтынымыз рас. Бірақ аяқ астына төселген мына тастак та оған ұқсамайды. Адам суреттерінің жарты бөлшектері аяқ астында жатыр. Біреуінің басы кесіліп қалған, енді бірінің жарты жүзі, тағы бір тас бөлшегінде адам бейнесі бүлінбей, толық күйінде сақталған.

Еденге төселген тас тақтадан өз әкесінің бейнесін бірден таныған қала тұрғыны жергілікті полицияға шағымданыпты. Ондағылар қылмыстық тергеу жүргізілу-жүргізілмеуі белгісіз екенін айтқан. Өйткені, бұған дейін осы жағдайды айтып, ешкім арызданбаған көрінеді.

Сауда үйінің еденінен әкесін танығандардың бірі — Наталья Андреева. Ол 15 жыл бұрын қайтыс болған қамқоршысының бейнесі аяқ астында жатқанын көріп, қатты қамыққан. Келіншектің айтуынша, әкесінің басына қойған құлпытасты жақсы біледі. Себебі олар осыдан 5 жыл бұрын ғана құлыптасты қалпына келтіру үшін суретші шақыртқан. Алайда шебер қайта қалпына келтірудің орнына жана портрет салуды ұсыныпты. Ол «Ескерткішті қайта жасауға алып кетті. Шебер ескі суретті қайтарған жоқ. Біз оны кәдеге жаратты деп ойладық», — дейді. Ол бейіт басына қойған ескерткіш тақтадағы адам суреттерінің алынбай, сол күйінде жерге төселгенін түсіне алар емес.

Айтпақшы, «бұл жағдайға қатысты ешкім арызданбады» деген жергілікті тәртіп сақшылары басшыларының әлеуметтік желідегі жазбасын оқымайтын көрінеді. Өйткені, 25 қазан күні Өскемен қалалық полиция департаментінің басшысы Дәуір Ыбыраев Instagram парақшасында аталған оқиға вандализм бабы бойынша тексерілетінін айтқан.

Ақша үшін адам баласы не істемейді? Біреудің үйін тонайды, баласе түседі, қорадағы малын алады. Ондай қылмыстың кейбірін ақтап алуға болар. «Жоқшылықтан, аштықтан ұрлық қылды, сұғанақтық жасады» деген сияқты желеу айтуға келеді. Алайда бейіттегі тасты ұрлағандарды қалай ақтау керек? Бұл заң алдында ғана емес, ар алдында да ауыр қылмыс. Тиын табудың жөні осы екен деп бейіт басына қойған тасты құлатып, оны бөлшектеп сату, шынында, адамгершілікке жат.

Қазак «Ашыққаннан құныққан жаман» дейді. Мына жағдай құныққандардың ісі. «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген де сөз бар. Өлілердің әлемінен қорықпай, көктасын кесіп, көкқағазға айналдырып жүргендер күндердің бір күні өздері де сол жакка баратынын ойламай ма екен?!

Жарас ШӨКЕ

Сөз-Жебе

Дархан ДІЛМАНОВ,
Ұлттық қауіпсіздік комитеті шекара қызметінің директоры:



«Шекарадан заңсыз өткен екі азаматқа қарсы тергеу амалдары екі ай көлемінде еліміздің заңына сәйкес жүргізіледі. Алда сот. Сот бір ғана сауал бойынша, яғни мемлекетаралық шекараны заңсыз бұзып өтуге қатысты болады. Мен мемлекеттік шекараның мықты қорғалатынын сенімді түрде айта аламын. Бұл жерде адами фактор болуы мүмкін. Біз бұл іспен айналысып, сабақ алып, нәтиже шығарамыз».

Қызықтан қызықтары

АТ ЕМЕС, АТАҚ КЕРЕК!

Халқымызда «Той қазақтың қазынасы» деген аталы сөз бар. Алайда жұрттың тойды бірінен-бірі асырып жасауы, осы сөзге сәлкеу түсірді.



Мысалы, сүндет той, тұсаукесер тойында баланы атқа мінгізіп немесе таққа отырғызып әкелу өзінше бір қошемет. Осындай тойдың бірінде келенсіз әрекетке куә болған «Жігіттер» тобының өншісі Айдар Тұрғанбек «баланы атпен емес, тақпен кіргізейікші» деген өтінішін өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында бөлісіпті. Әншінің айтуынша, бір тойда ән салып тұрғанда бала мінген ат ішін босатып, жұртты жиіркендіріп, тойдың сәнін бұзыпты. Осындай келенсіздікті болдырмау үшін өнші тойшыл қауыммен ой бөлісіпті.

1+3

Дәурен СӘЛІМБАЕВ,
Ұлттық банктің департамент директоры:



«Бірінші кезекте, кепілсіз несие берешегі 90 күннен асып кеткендерге үстеме төлетуге тыйым салынады. Екіншіден, кірпісі күнкеріс деңгейінен төмен азаматтарға банктен қарыз алу қиындай түседі».

Нина НИЧАЕВА,
Алматы қаласының тұрғыны:




«17 маусымда төсекті несиеге алдық. Оны толық төлеп, матрас алу жоспарымызда бар. Егер несие беру талаптары күшейсе, білмеймін, не істейтінімізді. Үш баламыз бар. Тұрмысқа қажетті заттарды бірден сатып алуға жағдайымыз жоқ. Мен бұл бастамаға қарсымын».

Расул РЫСМАНБЕТОВ,
қаржы сарапшысы:



«Қазір барлығы қымбат. Тиісінше, жағдайы төмен жандар тұтынушылық несие алуға мәжбүр. Халқымыздың 2 миллионға жуығы 60 мың теңге айлық алады. Жалақысы жоғары жұмыс орындары жоқтың қасы. Азық-түлік те қымбат. Жұрт несие алуға мәжбүр. Бұлай жалғаса берсе, заңсыз несие беретін ұйымдар сөзсіз көбейеді».



Дереккөзі: ҚР ПІМ

Елімізде 87 шекаралық елді мекен бар. Олар – Қытай, Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан және Түркменстанмен шекаралас аудандарда. Сол шекаралы аймақтардағы ауылдар жылдан-жылға сиреп, тұрғындар саны азайып барады.

Халықтың көбі аудан орталықтары мен қалаларға көшіп кеткен. Бұл түйткілдердің себебін біз осы өңірдің әлеуметтік жағдайы мен географиялық тұтастығын бес саусағындай білетін Тарбағатай аудандық мәслихатының депутаты Төлеген Қалимажаннан сұрап, білдік.

Жас қазақ: Төлеген аға, Шығыс Қазақстан облысының «шекаралы ауылдарынан халық жаппай көшіп жатыр» — деген ақпарат жиі айтылады. Осы сөз қаншалықты шындыққа жакын? Өзіңіз осы өңірдің тумасысыз. Ел мен жердің жайын өзіңізден артық ешкім білмейді.

Т.Қалимажан: Бұл 100% шынайы ақпарат. Мен сізге бір ғана дерек айтайын. Бұрын, яғни Тарбағатай ауданын Ақсуат ауданымен қосқанға дейін бір ғана Тарбағатай ауданының өзінде 45–47 мың адам болған. Бұл 1997 жылға дейінгі санақ. Ал қазір 21–22 мың адам ғана қалды. 1928 жылы алғаш рет Тарбағатай ауданы құрылған кездегі халық санынан да төмен түсіп кетті. Ол кезде тұрғындар саны 28 мың адам болған екен. 1997 жылғы санақпен салыстырғанда, қазір 50%-ке дейін кеміп отыр. Бұл жағдай Тарбағатай ауданында ғана қайталанып жатқан жоқ. Көршілес Марқакөл ауданымен қарым-қатынас жасап тұрамыз. Ала жаздай ауылда бірде-бір адам үй салмайды дейді. Оған қарағанда біз жактағы ауылдарда бірлі-жарым тұрғындар үй салып, қора-жайын бүтіндеп жатады. «Сіздер неге үй салмайсыздар?» - деп сұрадым. Олар: «Үй салып қайтеміз? Кім салады? Кім ауылда отырады? Тіпті осы үйімізді сатып, қалаға көшейік десек, үйді кімге сатарымызды білмей отырмыз», — дейді.

Марқакөлдіктердің айтуынша, жыл сайын он шақты отбасы үйін тастап аудан орталығына немесе басқа қалаларға көшіп кетеді екен. Қысқасы, бұл өңірде үй салу емес, үй сату үлкен мәселе болып отыр.

Жас қазақ: Сіз айтып отырған Марқакөл қазір Күршім ауданына қарамай ма?

Т.Қалимажан: Иә, қазір Күршім ауданына қарайды ғой. Бұрын Марқакөл ауданы деп аталған, орталығы Теректі еді. Олардың да тағлыры біздің ауылдармен бірдей. Күршімнің өзінде жағдай жақсы. Марқакөл десе, жүрегім ауырады. Жолы туралы айтудың өзі ұят — бомба түскендей ойылып-ойылып қалған. Көшеге шықсаңыз, тіршілік жасап жатқан адам көрмейсіз. Оған қарағанда Тарбағатай жактын адамдары кез келген шаруаға бейім, тіршілік-тынысы бар. Бірақ тұрғындар жыл сайын он-жиырма отбасыдан қалаға қоныс аударып жатыр.

Тарбағатай ауданының қиырдағы отыз үйлі Ахметбұлақ деген ауылына Өскемен мен Астана жактан бірде-бір дөкей аяқ баспаған. Тұрғындар «Тор» деп атап кеткен шекараға тартылған сымтемірдің арғы жағында 18 шаруа қожалығы бар, — дейді. Малшылар күнделікті мал шаруасының қамын білу үшін сол жердегі шекарашылардың қақпасынан өтуге тура келеді. Олар рұқсат қағаз сұрап әурелейді. Міне, қиырдағы ауылдардың жағдайы осылай.

Жас қазақ: Оқу бітірген жастар ауылға келіп жұмыс істеп жатқан жоқ па?

Т.Қалимажан: Біздің ауданнан шыққан білікті, білімді жастар көп. Бірақ олар

ауданымызға келмейді. Олардың көбі университеттерді бітірген соң қалаларға немесе шетелге кетеді. Ауылға келейін десе, бұл жерде оларды күтіп тұрған дені дұрыс жұмыс жоқ.

Жас қазақ: Қанырап қалған ауылдардың атын атап, санын айта аласыз ба?

Т.Қалимажан: Ондай ауыл көп.

Тарбағатайдың жанында Маңырақ деген ауыл бар. 15 шақырым жерде Жетіарал тұр. Жаңаауыл деген ауылды қосыңыз. Тұғыл деген үлкен елді мекен бар. Кезінде тіршілігі қайнап тұрған. Жанармай базасы болды. Пароммен көмір әкелетін. Жолаушы таситын автобекет болды. Бәрі жоқ қазір, тоқтап қалған. Кеме де жоқ, көмір де жоқ. Қазір ауыл тұрғындары көмірді сонау Семейдің Қаражырасынан тасиды. Бір тоннасы 18 500 теңгеден келеді. Сонда ойланыз, Семей сияқты қысы ұзақ, аязы қатты ауылда ең кемі 5 тонна көмір жағамыз. Оған қарапайым жұмыс істейтін адамның үш айлық жалақысы кетеді. Міне, шығыстағы жұрттың шырайы осы. Салыстырмалы түрде айтсам, кезінде соғыс жылдары жұрт тоз-тозы шығып, үйінің есік-терезесін жауып көшіп жатты ғой. Қазір де тұп-тура солай болып тұр.

Жас қазақ: Бұл өңірде қойшы-малшы ауылдар болмай ма?

Т.Қалимажан: Қазір қойшы тұрмақ, қой жоқ ауданда. Шынын айтайын. Оның үстіне, жастар қой баққысы келмейді. Ол жағы түсінікті. Бүкіл әлем өркениетке ұмтылып жатқанда, жастарды ауылда ұстап отыра алмайсың. Өзіміз де ата-анамыз, балаларымыз

Төлеген ҚАЛИМАЖАН:

«28 МЫҢ ЕДІ, ҚАЗІР 22 МЫҢ ...»



Фото: mairika.kz

жақсы оқыса екен, жоғары қызметте істесе екен, бай-бақытты өмір сүрсе екен дейміз. Сондықтан, мамандықты да таңдап оқытамыз. Екінің бірі мұғалім болмайды. Мұғалімдікті

бітіріп келгендердің өзіне барлық пән бойынша жұмыс табыла бермейді. Мектептерде бала саны жылдан-жылға азайып жатыр. Ондай мектептерге көп мұғалім ұстай алмайды. Бұрынғы 11 жылдық мектептер 9 жылдық болып қысқарып қалды. Тоғыз жылдық мектепте оқитын бала болмаған соң, олар да қысқарып, бастауыш сыныптармен шектелуде. Кейбір мектептер бүгін-ертен жабылудың аз-ақ алдында тұр.

Ал мемлекеттік қызметте жұмыс істерісі келегін жастарға 100 шақырым қашықтағы аудан

мен Астанаға, аяғы жетсе, шетелге кетіп жатыр. «Болашақ» бағдарламасымен оқып келген жастарымыз да бар. Бірақ олар да тұрақ таба алмай шетелге кетті. Шетелге бір кеткен адамның қайтуы қиын. Ұлдарды қойшы, өзіміздің Тарбағатайлан шетелге кеткен қарақөз қыздар шетелдіктерге тиіп жатыр.

Жас қазақ: Шекара бойындағы аудандарды бір-біріне қосқалы, шалғайдағы ауылдар аудандағы шенеуніктердің назарынан тыс қалған жоқ па?

Т.Қалимажан: Қазақстанның бір ауданы көлемі жағынан Еуропаның бір мемлекетімен пара пар. Тарбағатай мен Ақсуат үлкен-үлкен екі аудан еді. Үржар, Мәканшы, Таскескен — үшеуі оты мен отауы бөлек жеке-жеке үш аудан болатын. Үшеуі қосылып бір аудан болды. Бұрынғы Марқакөл ауданын Күршімге қостық. Бұл жактағы әлеуметтік мәселелерді, жұрттың жаппай көшіп жатқанын айтпағанда, ең басты түйткіл жемқорлық болып тұр. Жемқорлыққа ыңғайлы жағдай тудырып беретін үлкен фактор осы географиялық қашықтық. Екі мемлекеттің көлеміндей екі аудан қосылған соң, «Әй дейтін әже, қой дейтін қожа» болсын ба? «Сайда саны, құмда ізі жоктын» күйін кешіп отырмыз. Тарбағатай ауданының ана шеті мен мына шеті 300 шақырым қашықтықты алып жатқан алып аймақ. Кейбір ауылдарымыз қала түгiлi, аудан орталығынан 200 шақырым қашықта. Сол 200 шақырым қашықта жатқан ел аудан орталығына жете алмайды. Аудан басшыларының не былықтырып жатқанын қайдан білсін? Өзіңіз осы жағын ойланып көріңізші!

Мен өзім аудандық мәслихаттың депутатымын. Жемқорлыққа қарсы комиссияның мүшесімін. Жемқорлық деген дертті мынадай жағдайда мың жерден тыямын десең де, тыя алмайсың. Біреуді біреу білмейді, ешкімді ешкім ұқпайды: жер шалғай, ауыл арасы алшақ. Міне, осындай географиялық түйткілдердің салдарынан аудан орталығындағы басшылар қолынан келгенді қоншынан басып жүрген заман қазір.

Жас қазақ: Ауыл шалғай дейік. Халықтың аяғы аудан орталығына жетпейді дейік. Бірақ әкімдердің көлігі бар дегендей. Оның үстіне, олардың жұмысы сол ауылды басқару, елдің жағдайын жасау емес пе?

Т.Қалимажан: Сол аудан әкімдерінің өзі ауылдарда не болып жатқанынан хабары жоқ. Қай ауылда егін орылды, қай ауылда мал төлдеді, қай ауылдың мектебіне жөндеу жұмысы қажет? — деген сияқты өздеріне қажетті ақпараттарға да қолдары жете бермейді. Басқасын айтпағанда, пайдаланылмай жатқан бос жер көп. Бірақ оның кімге тиесілі екенін, қашан алғанын біліп болмайсың. Қаншама шаруа жер ала алмай, жерін заңдастыра алмай шырылдап жүр. Өйткені біздің аумағымыз өте үлкен. Жер комитеті соның бәрін бақылауға,

дер кезінде жер мәселесін шешуге, мұқтаж адамдарға шаруашылық жер бөліп беруге физикалық тұрғыда үлгермейді.

Жас қазақ: Шығыс Қазақстан шет облыс. Өңірдегі аурухана, ауыз су, жол, интернет, ұялы байланыс жағы қалай?

Т.Қалимажан: Аурухана өмірі болмаған сорақы жағдайда. Біздің, яғни бұрынғы Тарбағатай ауданының орталығы

болған Ақжар ауылындағы ең мықты аурухананың ең білікті деген дәрігерлерінің бәрі көшіп кетті. Бір жағдайды айтайын. Осыдан бірнеше күн бұрын ауылымызда бір азаматтың көзіне шыбын түсіп кетеді. Шыбын-шіркейді дәрігерсіз-ақ кез келген қазақ өзі ала салатын нәрсе ғой. Әлгі адам ауруханаға барса, дәрігерлер: «Бізде шыбын алатын маман-дәрігер жоқ. Зайсанға барыңыз», — депті. Зайсан бізден 100 шақырым жерде жатқан басқа аудан. Өзіңіз айтыңызшы, сорақы емес пе?! Аурухананың жайын осыдан-ақ біліңіз.

Ал жолдың мәселесіне келейік. Ауыл арасындағы жолдардың жайы сын көтермейді. Баяғы Совет кезіндегіден қайтып жөндеу көрмеген. Біздің жактын жолдарымен жүру үшін тастай төзім керек. Жолдың жайын жүрген біледі. Оның үстіне, жемқорлық жайлаған жерде сапалы асфальт бола ма?! Биыл жөнделген жол

Тарбағатай ауданының өзінде 45-47 мың адам болған. Бұл 1997 жылға дейінгі санақ. Ал қазір 21-22 мың адам ғана қалды. 1928 жылы алғаш рет Тарбағатай ауданы құрылған кездегі халық санынан да төмен түсіп кетті. Ол кезде тұрғындар саны 28 мың адам болған екен. 1997 жылғы санақпен салыстырғанда, қазір 50%-ке дейін кеміп отыр.

келер көктемде ойлы-шұңқыр болып тесіліп жатады.

Интернет жағы Ақжарда жаман емес. Бірақ ауылдарда ғаламтор деген арман. Бір мектепте немесе бір ауруханада интернет болса, соның өзіне қуанасың. Ал оның жылдамдығы, жұмыс қуаты туралы Алматыда жүрген сіздерге айту ұят. Интернетті қарық қылмай отырып, роботатехника дегенді айтып жүр бұл жактағы мұғалімдер. Былтыр біздің барлық мектептерді сол роботатехниканы алуға мәжбүрледі. Дұрыс компьютері жоқ ауылға ол неге керек? Түк түсінбедім.

Жас қазақ: Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан Жарас КЕМЕЛЖАН

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ:

Ерлан САЙЫРОВ, саясаттанушы:

Көптеген азаматтар мал бағатын шаруашылық жерлеріндегі қолайсыздықтан малын сатып, қалаға немесе аудан орталығына көшуге мәжбүр болуда. Бұрынғы Марқакөл ауданында 26 мың халық тұрса, қазір 5 мың ғана адам қалыпты.

Мұхтархан ҚАБЫЛАХАТ, Ахметбұлақ ауылының тұрғыны (ШҚО):

Халыққа өте қолайсыз. Түн баласы ауырып-сырқап қалсаң, «тордың» үстіндегілер келе алмайды. Оларға барайын десең, түнде қақпа ашылмайды. Жаңа ауыл округінің мұқым адамдары осы тордың үстіне келіп шөп шабады, малын бағады. Соның бәріне бұл көп кедергі.

Жанболат ЫҚЫЛАСОВ, Ахметбұлақ ауылының тұрғыны (ШҚО):

Біз бір машина құрылыс заттарын алып келсек, машинаның пропусказы жоқ деп кіргізбейді. Осы жерде суткамен тұрамыз. Пропуска жиырма күнсіз жасалып бітпейді бізде.

qazaqstan.tv

FotoШОК



ШЫМКЕНТ. КАФЕДЕГІ АТЫС

ӨСКЕМЕН. ҚҰЛПЫТАС БӨЛШЕГІ САУДА ҮЙІНДЕГІ ЕДЕНДЕ



Фото: tengrinews.kz

Сұхбат

Бүгінгі уақытта отбасы құндылықтарын сақтау, ана мен баланы қорғау, әйелдерді барлық салада ынталандыру мен олардың табысты болуын қамтамасыз ету мақсатында қыруар жұмыс жүргізіліп келеді. Бұл бағыттағы бастамалар еліміздегі 2030 жылға дейінгі отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы негізінде іске асырылуда. Осы орайда, біз Алматы қалалық әкімдігі жанындағы әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның жауапты хатшысы Нәзира Тоғызбаевамен пікірлескен едік.

Jas qazaq: Нәзира Асылбекқызы, 20 жылдық тарихы бар ұлттық комиссия қоғамда өзгерістер жасауға, отбасыларын нығайтып, әйелдердің беделін арттыруға күш салып келеді. Өмірдегі өзгерістерді сіз қалай бағалар едіңіз?

Нәзира Тоғызбаева: Президент жанынан құрылған Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия бастамасымен барлық аймақтарда аудандық, қалалық, облыстық әкімдіктердің жанынан әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық

аудардық. Сондай-ақ биыл үшінші жыл 8 наурызда «Әйелдерге – сүйіспеншілікпен» деген атпен мүмкіндігі шектеулі қыз-келіншектерге құрмет көрсетілді.

Jas qazaq: Жоғарыда жақсы мысалдар келтіріп жатырсыз. Дегенмен, отбасын сақтап қалу маңызды бола түскен бүгінгідей уақытта ерлі-зайыптылардың тату-тәтті тіршілігін қамтамасыз ету бағытында нені қадап айтар едіңіз?

Нәзира Тоғызбаева: Ерлі-зайыптылардың ажырасуын кейде тағдыры солай шығар деп жатамыз. Дейтұрғанмен, қазіргі таңда ажырасу саны артып келеді. Бұл бағытта да комиссия мүшелерінің атқарып отырған жұмысы аз емес. «Әйелдердің шығармашылық бастамалары лигасы» қызметіне жүгіне отырып, ерте және амалсыз ажырасу себептеріне зерттедік. Әлеуметтік зерттеулер сонында әдістемелік нұсқаулық шығарып, оны еліміздегі барлық комиссияларға тараттық. Алғаш рет мектеп мұғалімдері мен оқушылар арасында отбасылық құндылықтар тақырыбында семинарлар



БАСТЫ БАҒЫТ – ОТБАСЫН САҚТАУ

саясат жөніндегі комиссиялар құрылғаны белгілі. Алматы қалалық әкімдігі де бұл жаналықтан сырт қалған жоқ. Комиссияның қоғамдағы әйелдердің, балалардың рөлі мен отбасылық құндылықтарды сақтау жолында атқарып келе жатқан қызметі орасан зор екенін уақыт дәлелдеді. Комиссия ана мен баланы қорғау, әйелдердің қоғамдағы мәртебесін арттыру, отбасылық институттардың жұмысын жандандыруға басты назар аударады. Осының бәрі де өмірге өзгерістер әкелуде деп айтуға толық негіз бар.

Jas qazaq: Әрине, аймақтардағы комиссиялар да жемісті жұмыс істеп жатқаны белгілі. Солардың арасынан сіздер қандай да бір жұмыстарыңызбен ерекшелендініздер ме?

Нәзира Тоғызбаева: Елімізде әйелдер ісі және отбасылық-демографиялық саясат тұжырымдамасы бөрімізге ортақ екені белгілі. Басты бағдарымыз, мақсат-мүдделеріміз де ұқсас. Бірақ жекелеген шаруаларға келгенде әр аймақтың жеке бастамалары болатыны даусыз. Мәселен, Алматы – ірі қала, тұрғындар саны көп. Яғни адам көп шоғырланған аумақта неше түрлі түйткіл боларын жокқа шығара алмаймыз. Сондықтан осы бағытта тындырымды істер атқарылды. Айталық, біз комиссия жұмысына серпін беру бағытында төрт бағытта жұмыс істеп келеміз. Төрт топтаң да өз жетекшілері бар, бақылайтын, назар аударатын салалары белгілі. Мәселен, бізде қамқорлыққа алу комиссиясы бар. Олар 4 отбасына 5 жылдан бері нақты көмек көрсетуде. Отбасына үй шаруасына керекті заттар өңіріп, балаларын мектепке дайындадық. Күні кеше мылқау балалардың мектеп-интернатында барлық баланы дәрігерлік тексеруден өткіздік. Көпбалалы аналарға қажет болса, үй алуына құжаттарын әзірлеп, кезекке тұруға көмектесеміз. «Зорлық-зомбылыққа ұшыраған аналар үшін дағдарыс орталығы» қызметіне де назар аударып отырамыз. Онда отбасынан зәбір көрген келіншектер 6 айға дейін тегін тұра алады. Осы уақытта олардың туған-туыстарымен де әңгімелесіп, қайта татуластыру мақсатында жұмыстар жүргіземіз. 50 адамға арналған бұл жерде барлық жағдай жасалған Асхана, балалар бөлмесі, демалыс бұрышы бар. Дәрігерлік көмек те көрсетіледі. Биылғы 9 айда дағдарыс орталығының қызметін 223 адам пайдаланған. Олардың арасында 71 әйел мен 152 бала бар. Кез келген ана сенім телефоны бойынша кеңес алады. №150 телефоны бойынша 10 айда 168 әйелге тиісті көмек көрсетілген.

Комиссия барлық мемлекеттік және қоғамдық бірлестіктермен ортақ мәселе төңірегінде бірлесе жұмыс істейді. Ең басты ұстаным – әйелдер мен ерлерді және балаларды қорғау, жынысына қарамастан, зорлық-зомбылық жасамау, әйелдер мен ерлердің әлеуметтік және мәдени моделін қалыптастыру. Осы бағытта биылғы жартыжылдықта қала тұрғындарының әлеуметтік категорияларына орай әртүрлі тақырыптарда 80 іс-шара, форумдар мен семинарлар ұйымдастырылды. Мәселен, Алматыдағы Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің «Қыз Жібек» клубы жобасының аясында «Әйелдер және отбасы» шарасы зор мәнге ие болды. Бұл жолы қыздарды ұлттық дәстүрге сай тәрбиелеу мәселесіне назар

ұйымдастырдық. 2016 жылдан бері Алматы мемлекеттік бизнес колледжінде «Отбасы» мектебі жұмыс істейді. Онда жасөспірім қыздар мен ұлдарға үйлену мен үй болудың қыр мен сыры ұғындырылып, бастапқы әліппесі ұсынылады. «Отбасы» мектебінің дәрістерін біз барлық колледждерде ұйымдастыруды жоспарлар отырмыз. Осы мектептен дәріс алған жастар үй болған кезде отбасы тағдырына жауапкершілікпен қарайды, болашақта ажырасу азаяды деген үмітіміз бар.

Сонымен қатар жылда өтетін «Мереуілі отбасы» байқауы да отбасы іргетасын нығайтып, отбасылық құндылықтарды сақтауға, бағалауға себепші болып отыр. Осы байқауда бак сынап жүрген әрбір алматылық шаңырақтардың шуақты өмірі өзгелерге өнеге бола алады. Бұдан бөлек, ерлердің отбасындағы беделін арттыру мақсатында әкелер форумын өткізу дәстүрге айналды. Қазіргі күні «Әкелер одағы» қоғамдық бірлестігі осы төңіректе тиімді жұмыс жүргізуде. Өнегелі шаңырақтардың отағалары өз тәжірибелерімен бөлісіп, тату-тәтті өмір сүрудің қаншалықты бақытқа бөлейтіндігі үнемі насихатталуда. «Отбасы шырқы бұзылмасын» акциясы да әр үйде тыныштық сақталуына дәнекер болып, жақсы өмір сүруге бағыт-бағдар сілтеуде. Ақпараттық насихат жұмыстарын еңбек ұжымдары мен түрлі кәсіпорындарда, студенттер ортасында жүргізіледі.

Тәртіп сақтау шаралары мен түрлі жағдайлардан қорғану шаралары балалар арасында да ұйымдастырылады. Мысалы, өткен алты айда мектеп инспекторлары мен бейресми ұйымдар оқу орындарында түсініктеме жұмыстарын жүргізіп, оған 4200 адам қатысты. Мұндай бастамаларды айта берсек, өте көп. Аталған барлық іс-шаралардың ең басты мақсаты – отбасы құндылықтарын арттырып, қоғамда ер мен әйелдің бақытты ғұмыр кешуін, балалардың бүтін отбасында өмір сүруін қамтамасыз ету.

Jas qazaq: Соңғы уақытта қолға алынған «Бақытты отбасы» жобасы жұрт көңілінен шықты. Осыған аз-кем тоқталсаңыз...

Нәзира Тоғызбаева: Алматы қаласында «Бақытты отбасы» қоры және осы аттас орталық жұмыс істейді. Қазір қаладағы барлық аудандарда бөлімшелері ашылып, жұртшылық үшін пайдалы жұмыстар жүргізілуде. Мұнда тұрғындар тегін ақыл-кеңес алып, түрлі үйірге қатысуға мүмкіндік алады. Тіпті әлеуметтік көмек алуға, жоғалған құжаттарды қайта қалпына келтіруге, жеңілдікпен үй алуға, қайырымдылық шараларына қатысуына болады. Әлеуметтік, психологиялық, дәрігерлік, заң жағынан көмек көрсетіледі. Бұл тұрғыда балалар құқын қорғауға да атсалысамыз. Сынып сағаттары ұйымдастырылып, құқық қорғау орындары, бейресми орындардың өкілдерімен кездесу барысында балаларға өз құқықтары жете түсіндіріледі. Жыл басынан бері ұл-қыздарға арналған ақпараттық 344 буклет таратылды.

Гендерлік стратегия іске асырылған жылдары отбасылық неке қатынастарында тұрған ерлер мен әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерінің кенеюінде оң өзгеріске қол жеткізілді. Алдағы уақытта да осы бағытта жұмыстар жалғасады.

Сұхбаттасқан
Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Кәсібің – нәсібің

«Қоянды көр де қалжасынан түңілі» деген мәтел бар. Бұл салпаңқұлақтың шап-шағын тұрқына қарап айтылса керекті. Алайда қазір қоян өсіріп кел-көсір пайда тауып отырғандар көп. Кейіпкеріміз – үш жылдың ішінде екі бас қоянды екі жүзге дейін көбейтіп, айына 350 000 теңге табыс тауып отырған шымкенттік кәсіпкер Екатерина Макарова.

Ол елімізде қоян асырап, игілігін көретіндердің некен-саяқтығына, саланың кенжелеп тұрғанына қарамастан, осы шаруаны батыл қолға алғандардың бірі. Әңгіме былай.

Екатерина қоян шаруашылығына кездейсоқ келді. Оған дейін оның 13 стартап-жобасы болыпты.

— Мен немен айналыспадым десеніңізші?! — деп бір күліп алды да әңгімесін бастады. — Опа-далап та саттым. Қағе де аштым. Көліктің қосалқы бөлшектерін сататын дүкенім болды. Қытайдан төсек-орын жаймаларын, әлекей-шүлкейдің түр-түрін әкелдім. Тіпті, азық-түлік дүкенін де аштым. Бірақ, сенесіз бе, соның бірі де алға басыпалы. Сөт сайын кері кетіп, бір жұмыстан екіншісіне, одан соң үшіншісіне ауысып, айлық жалақыға күн көруге тура келді. «Astana Motors» компаниясында маркетинг директорына дейін қызметке өстім. Бірақ ол жерде де бағым жана қоймады. Сонда да ізденісімді тоқтатпадым. Ақыры, Нью-Йорктан бір-ақ шықтым. Global бағдарламасы бойынша 4 ай оқып келдім. Не іспен және қалай айналысу керектігін, бизнестің қыр-сырын, стартаптар жасаудан сабақ



құлақты үйде өсіріп, етін сатады. Олардың біреуі — 100 кг, енді бірі 50 кг ет ұсынуы мүмкін. Бірақ, бірде-бірі 200 келіден артық ұсына алмайды. Осының салдарынан қазір бизнесте бұл сала бос тұр. Ал алдағы 10-15 жылда бәсекелестік мүлде жойылуы мүмкін. Бізде қоян етінің бағасы — 2000 теңге. Базарларда

көрінеді. Катя бізге: «Отандық кәсіпкерлердің жем-шөбімен қояндар көпке бармайды. Олар ешқандай гормондық, химиялық препараттар қолданбайды. Ондайларды беретін болсаңыз, мертігеді. Бұл зертханада анықталған. Имунитеті өте әлсіз, асқазаны нәзік болғандықтан, тек табиғи жеңіл

ҚОЯН ДЕП ҚОМСЫНБАДЫ

алып, бизнес-жаттықтырушы атандым. Сөйтіп, өзімнің жеке редакторлығыммен «Белый слон» деген журнал аштым. Одан кейін тендермен айналыса бастадым. «Бізде тендер әділ өткізілмейді, таныс болмаса, бәрі бекер» деген сөздер жәй ғана стереотип. Тек білім мен қабілет болса болғаны. Бізде тендерлік жүйе — өте әділ жүргізіледі. Әрине, мен миллиардтар мен миллиондарға

сатылады, бірақ өте аз мөлшерде болғандықтан, тез өтіп кетеді. Шетелде бұл сала жақсы дамыған. Қоян шаруашылығын жан-жақты қолға алған шетелдік магнаттар ауқымды көлемде өзге елдерге экспорттауда. Ресей 30 пайызын өзі өндірсе, қалғанын Франция мен Қытайдан алады. Егер біз де өз елімізде өндірсек, Ресейге де тасымалдаушы едік. Оларға, әрине, алыс шетелден



басымды сұқпадым. Қарапайым сыпартқы, кенсе бұйымдарының тендеріне қатысып, айтарлықтай табыс таптым. Шын мәнісінде, үйде ноутбуктың алдында отырып-ақ тендер арқылы қомақты табыс табуға болады екен. Тек адамдардың өздері оқып, ізденгісі келмейді.

Ал қоян шаруашылығына да кездейсоқ келді. Декреттік демалысқа шыққаннан кейін дене бітімді өзгереді. Сөйтіп жүргенінде Ресейдегі туыстарына жолы түсіп, көрші елге сапарлайды. Ондағы жакындары тек қоян етімен тамактанады екен. Қоян етінің тек диеталық тағам ғана емес, емдік қасиеті де жоғары екендігін біліп, Катя қоян етпен диетаға отырады. Сөйтіп, бір айда 25 кг салмақ тастайды. Елге қайтарда өзімен бірге бір жұп қоян ала келеді. Бірақ, ол кезде кәсіп бастау ойына да кіріп шықпаған. Шаңырағына әкеліп, есігінің алдына 6 тор қойып, асырай бастайды. Жарты жылдан кейін екі бас қоян көбейе бастайды да, олардың көзектері қолдан-қолға тимей сатылып кетеді. Ташкенттен келген тұтынушылар барлығын бірден қымбат бағаға сатып алады. Осылайша, 200 мың теңгеден басталған хобби бизнеске айналып кетті. Ол 200 мыңның 80 мыңына жануарды ұстайтын тор, қалғанына жем алған.

Елімізде қоян шаруашылығы кенжелеп тұрғанын айттық. Бүгінде қоян өсірушілер 5000-дай ғана. Шетелден әуе тасымалы, кеме, жеңіл көлік және жүк көлігімен әкелетіндердің саны 500-дей. Бұлар әкелгенде де асыл тұқымды түрін алып келеді. Бағасы да қымбат. Ал Шымкентте асыл тұқымды қоян шаруашылығымен айналысатын үш-ақ адам бар. Ұсақ шаруашылықтар — 20-ның айналасында. Оның бәрі ұзын

сатылады, бірақ өте аз мөлшерде болғандықтан, тез өтіп кетеді. Шетелде бұл сала жақсы дамыған. Қоян шаруашылығын жан-жақты қолға алған шетелдік магнаттар ауқымды көлемде өзге елдерге экспорттауда. Ресей 30 пайызын өзі өндірсе, қалғанын Франция мен Қытайдан алады. Егер біз де өз елімізде өндірсек, Ресейге де тасымалдаушы едік. Оларға, әрине, алыс шетелден

тағам жейді. Тек рұқсат етілген екепелерді ғана егуге болады», — дейді.

Кәсіпкерлік үшін қояндардың жем-шөп қоры мүлде бос кеңістік. Олардың көнінен қарашірік өндіруге болады. Мәселен, бізде қазір жылыжай деген баршылық. Қоянның қалдықтары топырақ қарашірігіне таптырмас тынайтықшы. Өйткені, олар таза жем жейді. Қысқасы, етінен бастап қалдығына дейін пайдалы. Қала берді қоянға жем салатын астау, науа, торға дейін шығарып сатуға болады. Қоян шаруашылығын бастау үшін 500 мың теңге жеткілікті көрінеді. Мысалы, Катя жалғыз өзі 150 қоян асырап отыр. Яғни ол үшін аса көп күш пен қаржы талап етілмейді. Ол әңгіме арасында: «Менің қояндарым — асыл тұқымды, әрқайсысының ресми жеке құжаты бар. Еті тез піседі. Терісі мен жүнінің ерекшелігімен айрықшаланатын түрлерін әкеліп, өсіріп, көбейтемін. Шетелден 400-500 еуроға, алып келуімен, құжат рәсімдеуімен 250 мың теңгеге түседі. Ұшақта жүкке де қосымша қаржы төлейсін.

Жалғыз басын әкелудің маңызы жоқ, олар көбеюі үшін жұбымен жеткізу қажет. Яғни бір жұбына жарты миллион қаржы жұмсалады. Әлемде қоянның 200-ге жуық түрі өсірілсе, бізде 40-қа жуық түрі бар. Кенес кезінде 60 түрі болған. Олардың әрбірінің өзіндік қасиеті бар. Мендегі бір көжектің бағасы — 15 мың теңге. Қояндарға жақсы қарасаң, олар жылдан көбейеді. Ұш айда төл береді. Алты ай, сегіз айда көбейетіндері де бар. Әрине, жиі ауыратындары да кездеседі. Өйткені, бұл жануар кез келген нәрсені жей бермейді, сондықтан да ағзасы әлсіз. Жемі дұрыс, суы таза болуы керек. Бір қоян 4-5 айда ет береді. Жылына 25-50-ге дейін көжектейтіндері бар. Егер дұрыс тамақтандырып, таза ұстасаңыз, олар 2-3 жыл өмір сүріп, тұқым береді. Асыл тұқымды қоян түрлері жылына 3-4 рет, 8 бастан төлдейді. Егер мемлекет тарапынан қолдау болып, жер берілсе, ферма



тағам аллергиясына шалдыққандарға, ішек құрылысы мен өт жолдары ауыратын науқастарға таптырмас тағам. Сінімділігі жағынан бірінші орында. Еуропада балаларды үш жасқа дейін тек қоян етімен

салып, асыл тұқымдылардың тәлімбағын салар едім. Бұл — менің арныман», — деп сырымен бөлісті.

Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Естелік

— Ай, бала бастық, жүр, кеттік! — деді Әнекең, есікті сөйлей ашып, бірақ ішке енбей.

— Ассалаумағалейкүм, Кениата! — дедім, орнымнан көтеріліп, төрлетуін қолыммен ишаралап.

— Отыратын уақыт жоқ, бол, кеттік! — деп жорта зілденді. Бүркіт көзі өткірленіп.

— Иә, қайда кеттік? Орталық комитетке ме?

Ол күліп жіберді де:

— Ерігіп отыр екенсін, жүр, мен саған жұмыс тауып беремін, — деп жымиды.

— Осы шалдар-ақ шатақсыз жүрмейтін болды-ау, қазір, — дедім де, үстелде жатқан қағаздарымды жинастырып, реттеп қойдым да, есікке беттедім. Әнекең тырп етпеген қалпы тұрған. Мен жақындаған сәтте басын бір изеді

көрмегенсін ғой, қазір көресін, ол мені қолтығына қысып кете береді, — деді, жауырыны қақпадай болып алдыма түсіп.

— Е, қойшы?! — дедім. Әнекеңнен денелі зор жігіт бар деп ойламайтынмын.

— Оллаһи! — деді ол.

Көкшетаудан жеткен ұшақ әуежай үйіне тақау келіп, көлденеңдеп тоқтады. Трап барып тіреліп, есігі ашылды, жолаушылар шыға бастады. Әнекең айтқан алыпты көруге асықпын. Әнекенді «қолтығына қысып кете беретінің» ұшақтың бір орындығына симай, сірә, екеуін жаншып келген шығар деп ойлап тұрмын. Жолаушылар түсіп болып, трап жайына кетті. Ал көкшетаулық алып жоқ. «Осы рейсте деп еді, жоқ қой, бұл қалай?» деп Әнекең терезеден арыға мойнын созып-созып қояды. «Баска рейспен келетін болды ғой, мынаған кешігіп қалған да», деп мен тұрмын. Жолаушылардың алды вокзалға келіп кірді. Әнекен бұйыққандай пішінмен келе жатқан шағын бітісті сары жігітке барып: «Қош келдіңдер!» — деп ақырын құшақтады. Тағы бір танысы болды

айналымнан кейін соқа жүзі кенет тасқа сақ етеді де, көміліп көрінбей жатқан нән тас тырп етпей, соқа аударылып кетіп, Ес-аға астында қалады.

Әрі ақын әрі прозашы Зейнолла ағаны сырттай білетінмін. «Жас жесір» атты әңгіме-хикаят жинағын оқығанмын. Әнекең кейінде бір әңгіме ыңғайында Зекең жайын айтып берді. Қызылорданың Арал ауданынан екен. 12 жасында сырқатқа ұшырап, аяғын басудан қалыпты. «Қаңбақ шал екеуінің тағдыры ұқсас...» деп мұңайды Әнекең.

Кеудесінен қатты жаракаттанған жігіт дереу облыстық ауруханаға жеткізілген. Бірнеше қабырғасы сынып, бірінін жарықшағы он жақ өкпесін тесіп жіберген екен. Шұғыл жасалған операция ойдағыдай болмай, жас журналшы-жазушының михнат жолы басталды. Айналасы төрт жылда хирург кездігі кеуде

TULGA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz



де, бұрылып жүре берді. Жол бастағаны. Есікті кілттеп, сонынан ілестім. Әрқашанғысынша дәу денесін тік ұстап, нық адымдай басып кетіп барады. Сыртқа



женгем сай» дегенін жақсы мағынада айтсам, Ес-аға мен Гүлекеңдей рухы асқақ адамдар бір шаңырақ астында табыса бермейді!

Тағдыр тандап қосқан екеуінің отбасы 1991 жылы қосқабат қайғыға душар болды. Алты жастағы Ләйлә, он бір жастағы Әшөк немерелері автопаттан көз жұмды... Желкілдеп

өсіп келе жатқан құрақтай Ләйлә қандай көркем еді?! Домбыраның құлағында ойнаған күйші, қылқаламы сикырлы балғын суретші Әшөк ше?! Әшөктің бірнеше суреті «Балдырған» журналында жарияланды.

Екеуі 1997 жылы отыз бес жастағы ұлдары Абайдан, екі жарым ғана жастағы немерелері Санжардан айырылды (басқалардың

және де биыл 80 жыл. Әнекең Алматы облысындағы Жамбыл ауданының Қарақыстақ ауылында туып-өскен. Белгілі ақын. Балаларға арнап өлең, әңгімелер жазған. Оннан астам жинақтың авторы. Жүрек сырқатынан мүшел жас — 49-ға қарағанында көз жұмды.

болғанын Ес-аға 2006 жылы бастан тағы кешті. Жайсан жаратылысты бәйбішесінен — балаларының Анасы, немерелерінің Әжесі Гүлжәмила Нұрмұхаммедқызынан көз жазды.

Оу, тағдыр! Не шара, не дауа саған?!

Көкшеште туып-өскен Тарихи тұлғалар: Абылай, Кенесары, Ақан сері, Біржан сал, Үкілі Ыбырай, Қанай би, Балуан Шолақ... туралы зерттеу енбек, әңгіме-хикаят, роман жазған Көкше абызы — Ес-ағаның жасы сексенге толуын ел-жұрты айта қалсын етіп тойлады. Көп құрметі бойын біраз сергіткен, көңілін біраз көркейткен Ес-аға тойынан кейін үйінде үш күн бірге болғанымызда өткен-кеткеннен әңгіме айтып отырып, бір сәт сөзін үзіп, көзін жұма шалқайыңқырап отырды да, сәлден соң ақырын ғана: «Үүһ» деп, көзін ашып, қарсы қабырғадағы терезе шаршанқы кейіпте қарап, басын екі изеп: «Е, Ғаба, міне, сексенді көрдім, шүкір, тәубә... Әнуарбек пен Зейнолланы айтсаншы... Әнекем елуді де көре алмай, Зекем елуден алпысқа аттай бере...» деп сөзін тағыда үзді.

Арада төрт ай өте бере өзі де оралмас сапарға аттанып кетті... Биыл 90 жылдығы еді...

Жездекем бір күні түс әлетінде және келе қалып:

— Жүр, «Қазақстан»

мейманханасынан дөй аған Естайдың досы Зейнолла Шүкіровті алып, біздің үйге барамыз, — деді.

— Бастығыма

бағынбайтын дәтім жоқ, портфелім де, креслом да әзірше қымбат, — дедім.

Мейманхананың екінші қабатына көтеріліп, бір кен бөлмеге ендік. Сол жақ қапталдағы төсек жанында екі-үш жігіт отыр. Төсекте қалың кара шашты, үлкен көзәйнекті жігіт жатыр. Шаршап кіріп, киімшен күйінде қисая кеткен кісідей. Отырған жігіттер ұшып тұрысып, Әнекеңе сәлем берісті. Әнекең оларға

басын изей салып, төсектегі жігітті еңкей құшақтап, маңдайынан сүйіп-сүйіп алды. «Зейнолла» дегені осы жігіт болды, ол неге түрегелмеді?» деп танданыңқырап тұрмын. Әнекең оның қасына отырып, екеуі үй-іштерінің есен-саушылығын сұрасты.

— Мына жігіт кім? — деді Зекең, маған қарап. Мен тез жақындап, сәлем бердім. Ол жатқан күйінде қолын ұсынды. Әнекең: — Бұл жігіт — сатирик жазушы інін Ғаббас Кабышев, литфондымыздың директоры әрі менің телохранителім, — деді жымылдап.

— Ә, білем, — деді Зекең, езу тартып.

— Дайынсың ғой? Онда кеттік! — деген Әнекең Зекеңді көтеріп ала жөнелді. Жігіттердің бірі:

— Аға, біз бармыз ғой, — деп шырпыр болып еді, Әнекең:

— Жігіттер, саспандар. Алматыға келгенінде Зекеңді алып жүруге хақы бар кісі мен ғанамын, — деп әзіл жауап берді...

Әрі ақын, әрі прозашы Зейнолла ағаны сырттай білетінмін. «Жас жесір» атты әңгіме-хикаят жинағын оқығанмын. Әнекең кейінде бір әңгіме ыңғайында Зекең жайын айтып берді. Қызылорданың Арал ауданынан екен. 12 жасында сырқатқа ұшырап, аяғын басудан қалыпты. «Қаңбақ шал екеуінің тағдыры ұқсас...» деп мұнайды Әнекең.

Зекене де биыл 80 жыл. Әнекең Алматы облысындағы Жамбыл ауданының Қарақыстақ ауылында туып-өскен. Белгілі ақын. Балаларға арнап өлең, әңгімелер жазған. Оннан астам жинақтың авторы. Жүрек сырқатынан мүшел жас — 49-ға қарағанында көз жұмды.

Е, деген! Мүдделес, пейілде, қаламдас Үш дос... мүддем бөлек үш тағдыр...



Ғаббас КАБЫШҰҰЛЫ, Алматы, 2017 жыл

шықтық. Токтады. Маған бұрылды. Күректей алаканын ұсынып тұрып: — Жағдайың қалай, жолдас бала бастық? — деді, жайдарылана жымый.

— Бір емес, екі емес, осы «жүр, кеттікті» қойсаң қайтеді? Өзін жұмыс істемеген соң басқаларға тыныштық бергін келмейді, ә? — дедім.

— Қалихан екеуінің кержактарын: «Работа — не волк, в лес не убежит» дейді екен, мен сендер бірденені біліп айтатын шығар деп жүрмін ғой.

Әнекең деп отырғаным — ақын

Гүлекең он жыл, жиырма жыл емес, одан да ұзаққа созылған қиын-қыстау кезеңдерде тағдырына көп кейімеген шығар деп ойлаймын. Аралас-құралас, барыс-келіс болған отыз бір жыл көлемінде бірде жеңгесі мен қайнысына қалжыңымыз жарасқан, бірде апайы мен бауырынша сырласқан кездерде Гүлекеңнің қызыл шырайлы аққұба жүзінен өмірде ауыртпалық тартқан сыңайын көре алмадым. Жадырап, жарқылдап жүргені.

Әнуарбек Дүйсенбиев. Келіншегі Рәбиға біздің Шығыстың, Зайсаннның қызы болған соң, Әнекең екеуіміз жезде-балдыз ретімен әзілдесе береміз. Анда-санда «жүр, кеттік» деп келгенінде көңілін қимайтыным бар. Ол мені «бала бастық» десе, *(Жазушылар одағында Әдеби қордың директоры кезім),* мен оны «Кениата» деймін. Қарақошқыл өңді, нар тұлғалы жігіт шынында әйгілі Джомо Кениатаға ұқсайды-ақ.

— Аэропорттан Естай деген қазақты алып келеміз, — деді.

Оны-мұны әңгімемен жолды қысқартып, әуежайға барып, мәшіннен түскен сәтімізде:

— Әнеке, мынау алып тұлғамен «Жигулиге» қор болып, Қазақстанда, тіпті Совет Одағында жүруін обал-ақ. Ұзындығы төрт метр, жалпақтығы кос метр литрын мініп, Африканың бір елінде шынында анау Джомо Кениаташа президент болып отыратын адамсың, шіркін-ай! — дедім. Ол:

— Мен келісер едім, — деп езу тартты да: — Сен Естайды

ғой. Сары жігіт Әнекеңнің қасында буранын жанындағы ботадай ғана. «Ботаны» қолтығынан демеп келген аққұба келіншек: «Әнеке, қаңбақ шалыңнан бұрын мені құшақтамайсың ба?» — деп аксия күлді. Үшеуі мәре-сәре. Әнекең бір сәтте маған жалт бұрылып: «Бала бастық, бері кел, мен айтқан, міне, алып Естаймен — қаңбақ шалмен, мынау айдай сұлу бәйбішесімен таны!» — деді. Жездекемнің мені «қатырғанын» түсіндім...

Көкшетау облысының Шортанды ауданына қарасты «Жаңа жол» ауылында 1927 жылы қантардың 15-інде дүниеге келген Естай Мырзахметұлы орталау мектепті бітірісімен колхоз жұмысына араласқан. Әуелде трактор-егіс бригадасының есепшісі, трактор тіркеушісі, тракторшы, одан соң комбайншылар курсың бітіріп, комбайншы болып істеген. 1949 жылы орта мектепті тәмамдап, сол кезде-ақ қаламға икемі бары байқалып, ҚазМУ-дін журналшылар факультетіне қабылданды. Университетте оқып жүргенде жазу қабілетімен танылған ол диплом алысымен «Лениншіл жас» *(қазіргі «Жас алаш»)* гәзеті редакциясына қызметке шақырылып, бөлім меңгерушісі болып, басылмның пәрмені, беделі артуына тартымды мақалалары мен көркем әңгімелері арқылы айтулы үлес қосты. Тың игеру басталысымен қайнаған еңбек ортасына сұранып, жастар гәзетінің Солтүстік Қазақстан мен Көкшетау облыстарындағы меншікті тілшісі болып аттанды. Ес-ағаның Көкше өңірінің бірыңғай шежірешісі болуы сол жылы *(1965)* басталған. Бірақ, егер жаңылыспасам, төрт жылдан кейін айықпас бейнетке тап болды. Бірде, көктемгі егіс кезінде іссапарға шығып, аудандарды аралап жүріп, тракторшы шағын сағынды ма, кім білсін, трактор соқасына отырып, жер жыртысуға кіріскен. Бірнеше

қуысына он екі мәрте із салып, еңсесін арнайы жасап берілген болат құрсаумен көтеріп жүруге мәжбүр болды. Амал не, мүгедектік шаужайына жармасты. Бірақ Ес-аға жасымады, өмірге, көркем әдебиетке құштарлығынан танбады,



қолы қалам ұстауға иліккен сәттерде жазуын жалғастыра берді.

Туыстары, дос-жолдастары, көрші-қоландары көңілін аулай құнара, аптаара келіп-кетіп жүрсе, балалары күнде кіріп-шығады, ал сүйген жары Гүлжәмиласы күндіз-түні дерлік жанында болды. Балаларының кір-қонын жуып, киімдерін үтіктеп, тамақтарын беріп, мектепке шығарып салады да, аурухана жүгіреді. Құдай қосқан қосағының қас-қабағын бағып, қиналысты қимылын аңдап, мәпелеп күтіп, бірге күрсініп, бірге жымияп отырады. Естайының жазғандарын үйге апарып, түні бойы мәшинкелейді. Ал Ес-ағада жазғанын қайта қарауға, өңдеуге әл-қуат бола бермейді. Ондайда алматылық досы ақын Әнуарбек Дүйсенбиев қолжазбаны поштамен алдырып, оқып, гәзет-журналға, баспаға тапсырады. Кейінде Әнекеңнің: «Әрбір күнін тағдыр жазған бейнетпен белдесумен өткізіп жүрген Естайдың қаламды қолынан түсірмегенінің өзі ерлік емес пе?!» — дегені бар. Әрине, ерлік!..

«Абай» десе дегендей ойлы да алғыр, ауыл шаруашылығы мәселелерінің түйіндерін түгел шешуге кіріскен жас ғұлама Абай-жан... Төңірегіне өзіндей отаншыл, білімді, тәжірибелі ғалымдарды топтастырған ол: — Бізге енді еркімізбен еңбек ететін бес жыл керек, содан кейін халықты азық-түлікпен толық қамтамасыз ететін боламыз! — деді. Сөзін іске асыратыны шүбәсіз еді. Астықты мол өндіруде дүние жүзіне танылған канадалық дикандарда бір ай мейман болып, тәжірибе алмасып, әбден ұғынысып, нақты ғылыми негізде бірлесе жұмыс істеудің жоба-жоспарын жасаып келген-ді. Абаймен қарым-қатынаста болған өзіміздік, шетелдік үлкен-кіші ғалым дикандар оның көп ұзамай көш бастарына көміл сеніп, зор үміт артқан-ды...

Тағдыр тарынғанда дүниенің кеңдігі де шектеліп қала беретіндей

6 TIRSHILIK

Боямасыз – өмір

Қарттар үйінің есігін екі кеште имене аштық. Күздің салқын ауасын жұтуға сыртқа шыққан қариялар некен-саяқ. Бірді-екілі қарттар ғана иығына жылы кеудеше іліп, тал-дарақтың арасындағы орындықта ой үстінде отыр. Олардан «не ойлап отырсыз?» деп сұрау, бұл үлкен әбестік болар еді. Зейнеттің бейнетін көретін жаста қай-қайсысы да қалған өмірін қарттарға арналған үйде өткізетіндігін ойламағаны анық. Бірі – бала шақта бақыпты өмір сүрсе де, жасы ұлғайғанда қиындыққа тап болған соң амалсыз осы жерді паналағандар. Ал енді екінші біреулерінің көрмегені жоқ. Ал іште далаға шығуға ниеттенгенімен, денсаулығын ойлап дегбірі қашқандардың бір-екеуі қоңыр күздің сұлу кешіне тамсана қарап тұрды. Үйлеріне қартқан қызметкерлердің «Сау болыңыз» деген бір ауыз сөзіне қайта-қайта бас шұғып, ризашылық білдірген қариялар тағы бір түнді қалай өткізерін білмей, басы қатып тұрғандай көрінді. Жымиған болады. Бірақ көздерінен мұңды байқайсыз. Иә, жұмыстан кейін отбасыңа аман-есен оралып, бала-шағаның ортасында емен-жарқын әңгімелесіп отырғанға не жетсін! Қарттардың бір бөлігі де кезінде сондай ғұмыр кешкен. Қазір бәрі түс секілді. Амал қанша...

Бізді күтіп алған №3 арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының директоры Раиса Сыпабекова: «Сізді алтын кісімен кездестірейін. Тағдыр шығар... Әйтпесе бұл кісі бір үйдің шырағы болар еді», — деп 76 жастағы Гүлбарам Шәкенова әжейді сырттай таныстырып та үлгерді.

Гүлбарам Жәнібекқызының бөлмесіне бас сұққанымызда, ол кісінің әлі де тын екенін байкадық. Әрбір зат өз орнында тұр. Кабырғада Алланың тоқсан тоғыз аты жазылған паракша көзімізге оттай басылды. Бірді-екілі көне суреттер де көзге шалынды. Қазақы әдетпен тоқ шайнекке шай қойған апай: «Менің өмірім туралы білгілерін келе ме? Ойбуй, мен не көрмедім. Бүкіл ғұмырым жанталаспен, күнкөріспен өтті. Қартайғанда жалғыздікті қалған соң, әпкем Сара мені осында тапсырды. Ол маған «Гүлбарам, менің 10 баладан сегізі қалды. Енді қанша өмір сүрерім бір Аллаға аян. Әрі кіндігімнен тарағанымен, балаларым саған қалай қарайтынын білмеймін. «Өзі жоқтың көзі жоқ» деген қазақ. Онсыз да көрмегенің қалмады, мен кеткен соң далада қаласың ба деп қорқамын. Көзімнің тірісінде сені Қарттар үйіне орналасуға көмектесейін. Тым болмаса, ана дүниеге бір үйден шық. Қара жердің қойнына тапсыратын адамдар бар ғой», — делі. Амалсыз келістім. Құжат жинау қиын екен. Ол біткен соң, тағы басым қатты. Бейтаныс орта, танымайтын адамдар қалай болар екен деп... Осы жердің табалдырығын аттасыммен жакындарымның ортасына келгендей күй кештім. Қыздардан айналайын, құрақ ұшып жүреді. «Апа, апа» деген сөздерін естігенде, өз үйімде жүргендей боламын. Бір бөлмеде тұрып жатырмын. Мұздатқыш, теледидар бәрі бар», — деген Гүлбарам Жәнібекқызы қиын тағдырына қайта оралды.

Сонымен, шай үстінде Гүлбарам әже басынан өткерген оқиғаларын рет-ретімен баяндады.

БІРІНШІ ӘҢГІМЕ:

Бұрынғы Семей облысына қарасты Мақаншы ауданында — орталықта дүниеге келгенмін. Отбасында әпкем екеуміз ғана едік. Анам Ырысты мені босанып,

3 айдан соң көз жұмыпты. Неген өлгенін білмеймін. Әпкем өзге бір отбасында өскен, оны да білмеймін. Әкемді де көрмегенмін. Соғысқа кетіп, қайта оралмаған көрінеді. Сәтжан деген нағашы апам бар еді, сол кісі бауырына басыпты. Бірақ сол әпкемнен еш жақсылық көрмедім. Кешке шейін жұмсайтын. Кейде балалармен ойнап қалсам, аямай ұрып-соғатын. Мал қораға да қамап қоятын. Көршілердің қыздары қораның тесігінен нан әкеп тастайды. Соны жеймін де ұйықтап қаламын. Дарға да аспақшы болды. Бірде жер ошақта пісіп жатқан сүтке мысықтың баласы түсіп кетті. Соны менен көріп, әлгі сүт піскенше маған ішкізді. Өз балаларына үндемейтініне қайран қалатынымын. Оқуға да бермеді. Осындай қиын жағдайымды көрген Нұрлыбай деген нағашы ағам бір күні өзімен алып кетті. Жыланды жақта тұратын. Мені баласы жоқ бір отбасына бағуға берді. Тоғыз жасымда алғаш рет мектепке бардым. Бірінші сыныпты бітерде ол әкем қайтыс болды. Ал әйелі балаларын алып төркініне кетті де, мен тағы да басқа үйде қалдым. Сөйтіп жүргенде біреулер әпкем Сараға сенің сіңлің бар. Кім көрінгеннің қолында жүр депті. 13 жасымда алғаш рет әпкем іздеп келді. Ол да біреудің қолында тұратын болып шықты. Бірақ мені алып кете алмады. Сөйтіп жүргенде ауылда бір кісіге тұрмысқа шықтым. Екі жыл тұрған соң, күйеуім қайтыс болды. Оның туыстары мені жақтырмаған соң, ақыры ол үйден кетуге туралы келді. Далада қалған күндерім өте қиын еді. Сандалып қалдым. Осылайша жүргенде әйелі қайтыс болған, бес баласы бар азаматқа тұрмысқа шықтым. Ол кезде 20 жаста едім. 27 жыл бірге тұрдық. Бес баласын өсірдім. Қызын ұзатып, ұлын үйлендірдік. Осылай жүргенде шалым көз жұмды. Балалары мен

қызы бар еді, қолымда өскен. Сол шақыра қалды. Қолымда тұр. Өлсен өзім жөнелтемін деп құрақ ұшты. Оған әпкем қарсы болды. Мен бой бермей, қолымда өскен соң сеніп, 3 жыл сонда тұрдым. Бір жолы тайғанап құлап, иығымды сындырып алдым. Ота жасатып, қолым жұмыс істемей қалды. Осыны ауырсынған

Шолпан «енді қолыңнан ештеңе келмейді, үйден кет» деді. Ақыры апайыма қайта оралып, қарттар үйіне қоныстандым. Апайым жақсы адам еді. Сегіз баласы бар. Олардың қолына сыймасымды білдім.

...Гүлбарам Жәнібекқызы №3 арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына осылай келген.

ЕКІНШІ ӘҢГІМЕ:

Өмірде жақсы адамдар бар ғой. Бірақ менің айналамда ондай адамдар аз болды. Мынау жетім екен-ау деп ешкім маңдайымнан сипамады. Тек 9 жасымда қолында екі жыл тұрған бір кісі ғана әкелік мейірімін аямады. Киім де әперді, тамаққа да тойындырды. Оқуға да берді. Сол кісі өлгенде ішім қан жылады.

Шүкір, осындай жақсы өмір енді басталғандай көрінеді. Қазір көмекшілерім көп. Күтуші қыздар түрлі жерлерге қыдыртады. Телевизорға да түстім. Әр жерде танысып қалған қыздар балаларымдай болып кетті. Жиі келіп тұрады.

Осында 3 жыл бұрын келген Мұқаш деген азаматтың да көрген күні менікіндей екен. Бір мезгіл шай ішіп, әңгімелесіп жүрдік. Сол кісі бір күні тағдыр бізге қиындықтарын ұсынып біткен шығар. Қалған өмірімізді бірге өткізейік деп ұсыныс жасады. Содан әпкеме хабарластым. Ол кісі қонаққа шақырып, тамағын асып, төсін тартты. Мұқаш табакқа ақшасын салды. «Гүлбарам, өмірде көрмеген қиындығын жоқ. Сен енді күйеу бала Мұқаштың қолынан мықтап ұста. Жұптарың жазылмасын. Қаланың кісісі екен. Керек-жарағынды әкеп беріп тұрады. Өзінің сауатын да жоқ. Ендігі бар үміт күйеу балада. Кәрі қойдың жасындай жасым қалды. Ақ

батамды бердім. Басымдағы бір қайғым сен едің. Енді ана дүниеге де армансыз кетемін деді. Осылайша, қарттар үйінде тағдыр қосты бізді. Күнә болмасын деп, мешітте некемізді қидырдық. Қолымызға қағазымызды алып, ерлі-байлы болып қалдық. Құдайға тәубе, үш жылдан бері бірге тұрамыз.

Мен өмірде көрмеген рахатымды осы үйде көріп отырмын. Өз үйім. Тамақ, киім, дәрігерлік көмек бәрі бар. Бұрындары аздап кесте тігуші едім.

Қазір оған көзім де болмай қалды. Қазір жастарға қызығамын. Оқуына да болады. Қыдыратын жері көп. Бақыт деген осы ғой енді. Тек қана солар жұптарын жазбай, қартайғанда балаларының қызығын көрсе деймін. Біздің кезімізде арман деген басқа еді. Көршілердің балаларына қызғыа қараушы ем. Ата-анасы бар. Қауатылы тамактаналды. Киімі бүтін. Олардың жасында менің үстімде дұрыс киім болмады. Бір күн тоя тамақ ішкеніме риза болатынымын. Біреу айналайын десе, жылап қалатынымын. Енді осы жерден аман-есен, ешкімге ауыртпалық түсірмей, жер қойнына барсам деймін. Мына шалыммен танысқан соң бір айдан кейін 85 жасқа толған Сара апайым қайтыс болды. Әйтеуір, ол бір басым екеу болғанына риза еді...

Шалымыз екеуміз бірімізге біріміз сүйеу болып отырған жайымыз бар. Аты-жөні — Мұқаш Жәдіков. Бір хабарға қатысқанда жастар жағы: «Бақытсыздар ма?» деген сұрақ қойдық. Әрине, кеште болса да бақыттымыз...

Жолдасбек ДУАНАБАЙ

Түйткіл

Елордада республикалық тіл форумы өтіп, онда мемлекеттік тілдің бүгінгі жай-күйі талқыланғаны белгілі.Алқалы жиында Мәжіліс депутаттары, тіл комитетінің өкілдері, зиялы қауым мен тәжірибелі аудармашылар тіліміздің қоғамдағы қызметін арттыру бағытындағы жұмыстарды саралады. Біз осы орайда белгілі аудармашы Мәди Айымбетовтің заң жобаларын жасаудағы кейбір түйткілдер төңірегінде пікірін білген едік.

ҚАЗАҚША ЖАЗУҒА ҚАУҚАРЫМЫЗ ЖЕТЕДІ



Заңнама лингвистикасының негізі көзі — терминдер десек, мемлекеттік тілдегі заң терминінің қоры жылма-жыл толығып, жетілдіріліп келеді. Әріге бармай-ақ, тек соңғы ширек ғасырдың ішінде заңнамалық жұмыстың ауқымында қолданысқа енген жана заң лексикасы, жана терминдер мен зани тұрақты тіркестер ұлттық заңнама лингвистикасын туындатудың және оны одан әрі өрістетудің өзгеше бір жана қыры, арнасы болып табылады. Ал бұл арнаның негізі — заң терминдерін қолданыстық сипатына қарай саралап, жүйелеп қалыптастырумен және сапалық жағынан жақсартумен, нақтылаумен тікелей байланысты.

Заңнама лингвистикасы заң терминдерінің мемлекеттік тілде дұрыс түзелуінен, яғни оның лексикалық нормасының құқықтық нормамен өзара үйлесуінен басталуы тиіс. Заңның құқықтық мазмұнының түсінікті әрі нақты болуы да осыған байланысты. Белгілі бір атаудың түбірлік, ұғымдық негізіне ден қою арқылы заң терминінің ұлттық тіліміздегі баламасын жасау тәсілі заңнама лингвистикасының терминологиялық сипатын бір қырынан танытады. Терминжасамда, оның ішінде құқықтық терминінің баламасын алу тәсілінде түпнұсқалық тілдің, яғни орыс тілінің аясынан шыға алмайтын жәйттер өкінішке қарай, көп жағдайда әлі де орын алып келеді.

Айталық, қазіргі заңнама мәтіндерінде «тұрақсыздық айыбы» немесе «тұрақсыздық айыппұлы» деген түсініксіздеу әрі екі нұсқала алынған термин көп ұшырасады. Мұның орысша нұсқасы — «неустойка», ал құқықтық-нормалық мағынасы: «штраф — айыппұл, пеня — өсімақы» екен. Мұның қазақша нұсқасы жолма-жол аударманың тәсілімен — «тұрақсыздық айыбы» деп алына салған. Қандай «тұрақсыздық», ненің «тұрақсыздығы» және неге «айыбы» (*былайша айтқанда, «kinasie»*). Құқықтық та, лексикалық-семантикалық та мағына бермейтін жәй бір тіркес демексе лаж жоқ. Жоғарыда айтылған құқықтық-нормалық түсіндірмесіне, анықтамасына орай, бұл термин жалғыз ауыз-ақ сөзбен айтылатын «айыпақы» деген атауға әбден сұранып-ақ тұр, «айыпақымен» де, «өсімақымен» де шатастырмайсыз — осы сипаттағы норманы беретін термин — «айыпақы» (*«неустойка»*). Немесе сот саласындағы заңдардың мәнінде «ескіру мерзімі» (*орысшасы «сроки давности»*) деген терминнен аяқ алып жүре алмайсыз, бұл да жолма-жол тәсілмен алынған түсініксіз термин. Заңнамалық анықтамалықтарда да, заңгерлердің берген ресми түсініктерінде бұл белгілі бір нормалық шараның ескіру мерзімі емес, өту мерзімі туралы мағынаны береді екен. Мерзімі өткесін оның күші жойылатыны белгілі. Ал қолданылып жүрген заңнамалағы «ескіру мерзімі» нормалық қайшылыққа әкеледі. Өйткені белгілі бір норманың ескірген мерзімі арқылы құқықтық мәселенің шешімін табу мүмкін

емес. Мәселен, өту мерзімі аяқталғанша, талапкер өзінің құқығын іске асыра алады.

Сол сияқты «судопроизводство» деген қос сөзден түзелген терминді сот жүйесіндегілер «сот өндірісі» деп алып жүр. «Производство» сөзінің жолма-жол мағынасымен шектелсек, әрине — «өндіріс», бірақ бұл арадағы ұғымдалу — «сот ісін жүргізу» емес пе!?! Сот мәселесіне өндіріс емес, іс жүргізу тән. Мәселен, осы қылмыстық іс жүргізу саласында «процессуальное производство» деген терминдік тұрақты тіркес бар, мұны «процестік өндіріс» деп алсақ, қойыртпақ болып шықпай ма?! Лексикологияда «полисемия» (*сөздің көп мағыналығы*) құбылысы деген ұғым бар. Демек, осыған

сүйенсек, «іс жүргізудің» бір мағынасы сотқа қатысты орыс тіліндегі «производствоны» бейнелейді.

Заң мәтіндерінде құқықтық фраземаның қолданылу сипаты — заңнама лингвистикасындағы тағы өзекті мәселенің бірі екенін айтуымыз керек. Ұғымдық мәні айқын, нормалық жүктемесі нақты құқықтық фраземаның — мағыналық ерекшелігін идомдық және метафоралық сипаттағы жалпы фразеологизм семантикасымен шатастырмауымыз керек. Көп жағдайда әдеби-публицистикалық, ғылыми-философиялық фразеологизмге тән тұтастық, тұрақтылық пен тиянақтылық белгілерін құқықтық жүктемесі бар тұрақты тіркестерге телуге болмайды.

Баламасы сәтті табылған біркатар кәсібі тіркестік терминдерді құқық жүйесінде өз тілімізде орнықтырудан да қашпауымыз керек. Мұндай мысалды көптеп келтіруге болады. Өндірістің, шаруашылықтың әртүрлі салаларындағы қатынастарды реттейтін біркатар заңдарда «аффилированное лицо» деген терминдік тіркес бар, бұл заң мәтіндерінде «аффилирленген тұлға» деп калькалық сипатында алынып жүрді. Ал бұл сөздің бірлесу, үлестес болу деген мағынсын ескере отырып, «үлестес тұлға» деген жатық та ұғынықты нұсқасын мемтерминком дұрыс мақұлдады. «Рамочное соглашение» терминнің де «негіздемелік заң» деген қазақша нұсқасы орнықты. Терминнің, оның ішінде тұрақты тіркестің қолданысқа енгізілуі, орнығуы көп жағдайда оның мағыналық дәлдігінің, нормалық дұрыстығының ана тіліміздің баламасымен үйлесімді шығуымен байланысты екенін ескеруіміз қажет.

Мұның бәрі айналып келгенде, бүгінгі таңда ұлттық заңнама кызметінде қойылып отырған басты мәселе — заң мәтінін қазақша жазуға қол жеткізетін мүмкіндіктердің айқын көрінісін танытса керек. Терминдік қор бар. Заңнама лексикасы орнығу үстінде. Заңның мемлекеттік тілде жазудың өзіндік стилі де қалыптасып қалды. Мемлекеттік тілде заң нормасының қағидаларын тұжырымдай алатын заңгер мамандарды да табуға болады. Көз — қорқақ, қол — батыр, заңды мемлекеттік тілде әзірлеудің қанат қакты (*пилоттық*) жобасын әзірлеуді қолға алатын кез жетті. Мемлекеттік тілде жазылатын заң жобалары әлдебір елдердің үлгілік заңының аясынан шығуы тиіс. Тағы бір ескеретін жәйт — латын графикасына таяу жылдардағы көшу үрдісінде бұрын аударма арқылы қабылданып, қолданысқа енгізілген заң мәтіндерін, заң терминдерін ұлттандыру ыңғайындағы жұмысты қолға алу қажет, уақытты созуды күтпейтін ауқымды да өте жауапты жұмыс!

Мәди АЙЫМБЕТОВ



Дода

Алматыдағы Жібек жолы көшесінде жұрт алдында көз арбасуында қалалықтар мен қонақтар бұл жекпе-жектің оңай болмасын аңғарғандай еді. Өйткені Намибиядан келген боксшы бойының ұзындығымен ғана емес, аса тәжірибелі екендігімен де ерекшеленетін. Соған қарамастан, Қанат Ислам тиесілі орта салмақтағы WBO халықаралық чемпионының белбеуі сарапка салды. Әрине, жеңістің оңайлықпен келмесі анық. 10 раунд екі спортшыға да оңай болмады. Төрешілердің шешімімен Қанат Ислам өз атағын қорғап қалды. Бесінші раундта африкалық боксшы бір рет нокаунға түсіп қалғанын да айта кеткеніміз орынды болар. Бокс кешіне төрелік еткен үш қазы бұл соққыға 97-92, 97-92, 98-92 деген баға берді. Қанат Ислам үшін бұл жеңіс — өзінің кәсіби мансабындағы 27-ші жеңісі. Ал қарсыласы Уолтер



ЖЕҢІС ТУЫН ЖЕЛЫРЕТТІ

кошемет еді. Екінші жағдай, жерлесіміз соңғы минуттарда қарсыласынан қашып жүргенді көрінген. Кейін белгілі болғандай, 4 раунд барысында спортшымыздың қолы сынғанын, соған қарамастан сыр бермегенін жұрт байқамай да қалыпты. Бұл енді нағыз ерлік еді...

Жекпе-жек соңында Уолтерді ұпай санымен жеңген Қанат Ислам өзіне қолдау білдірген Елбасы мен Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа, сонымен қатар барлық жанкүйерлеріне алғыс айтты.

«Бұл бокс мерекесін мен асыға күткен едім. Басты мақсатым — қандастарымызға қолдау білдіру. Өз басым елімізде спортты дамытуға ерекше көңіл бөлініп, мемлекет тарапынан лайықты көмек көрсетіліп келе жатқанына ризамын. Спорттың бұл түрі еліміздің атын шығарып жатыр. Мықты боксшыларымызбен халықтың мақтанатындай жөні бар. Осы орайда Үкіметке және мәдениет және спорт министрлігіне спортты дамыту үшін барынша қолдау білдіргені үшін рахмет айтармыз», — дейді

алматылық жанкүйерлердің бірі Досымхан Капесов. Кәсіби бокс кешінде Қанат Исламнан бөлек, 8 жерлесіміз рингке шықты. Олар — Дәулет Дәукенов, Сапарбай Айдаров, Бексұлтан Раушанов, Нұрсұлтан Аманжолов, Асқар Ерубек, Арман Рысбек, Актілек Жеңіс, Руслан Мырзатаев. Ел намысын қорғаған қандастарымыз Украина, Румыния, Латвия, Беларусь және Өзбекстаннан келген әріптестерін ойсырата жеңді.



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев Қанат Исламның жекпе-жегінен алған әсерімен әлеуметтік желіде былайша бөлісіпті: «Қанат Исламның титулдық жекпе-жегі жеңіспен аяқталды. Қанат бірінші орта салмақтағы WBO International белбеуі үшін намибиялық боксшы Уолтер Каутондоквамен жұдырықтасты. Оңайға соқпаған 10 раундтық жекпе-жек пен жанкүйерлердің толқынысы. Бірақ Қанат жеңіске деген жігері мен қайтпас қайсар мінезін көрсете білді. 27-ші жеңіс құтты болсын!».

Бокс мерекесі барша қазақстандықтарға қуаныш сыйлады. Еліміздің көк туын тағы бір мәрте көкке көтерген күн жұрт жадында қалары анық.

Макпал НОҒАЙБАЕВА
Фото Ғалия КАЛИЕВА

АЛЕҰМЕТ



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Спорт

ҰЛЫ СУРЕТКЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Әлемге әйгілі жазушы Мұхтар Әуезов жас кезінде, 1914 жылдары Семейде тұңғыш рет құрылған «Жарыс» футбол командасының құрамында ойнағанын біреу білсе, енді біреу білмейді. Ал тереңірек білуге құштар адамдардың, тіпті көп екендігін жоққа шығара алмайсыз. Сонда бұл қалай болып еді?

Ендеше, өткен ғасырдың басына көз жүгіртелік. 1912 жылы Мәскеуден Семей өңіріне Куприянов келеді. Өңірге танымал көпес Плещеевтің дүкеніне орналасқан ол өзімен бірге доп, капка торы

Ең басты жаңалық — «Спартак» стадионы ендігі жерде Мұхтар Әуезовтің есімімен аталатын болды. Мұның өзі барша студентті спортпен шұғылдануға, оның ішінде доп ойнауға деген қызығушылықтарын одан әрі арттырып отыр.

Университеттің ұйытқы болуымен өткізіліп келе жатқан жыл сайынғы доп додасы биыл көрнекті ғалым, білім ордасын басқарған Т.Садықовты еске алуға арналды. Турнирді ұйымдастырушылардың негізі мақсаты — жастарды спортқа баулып, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Жарыстың салтанатты ашылу рәсімінде білім ордасының ректоры Тахир Балықбаев, дене шынықтыру және спорт кафедрасының меңгерушісі Еркін Садықов және басқалар жарысқа қатысқан Алматы қаласындағы 8 жоғары оқу орнының командаларына сәттілік тіледі.

Айтулы жарыстың актық ойындарында топ жарып шыққан командалар ең алдымен Мұхтар аталарының стадионында жеңіске жеткендеріне риза болғаны анық. Жүлделі I орынды Тұран университеті жеңіп алды. Күміс жүлде алан иелері — Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіне табыс етілсе, қола жүлдеге Сүлеймен Демирел атындағы университет командасы ие болды. Ал Абай атындағы университеттің ойыншысы



секілді нәрселерді ала келіпті. Қос капка орнатып, қазақ даласында алғашқы «стадион» жасаған көрінеді. Сөйтіп, 1913 жылы алғашқы «Жарыс» (*татарша «Ярыш»*) футбол командасы құрылады. Осы жылдары мұғалімдер семинарында оқып жүрген Мұхтар Әуезов «Жарыс»-тың құрамында доп тебеді. Жартылай қорғаушы ретінде жасыл алаңда өнер көрсетеді.

1914 жылы «Жарыс» алғашқы ойынын Семейде құрылған гимназия оқушыларына қарсы өткізеді. Осы ойын барысында қарсыластар қапкасына гол соққан, болашақ ұлы әдебиетші Мұхтар Әуезов екен.

Тіпті команда ойыншылары ақылдаса келе, біркелкі жиде тіктіреді. Жеке кеуде белгілері болады. Олардың саны 24 болған көрінеді. Одан бүгінге жеткені жалғыз дана. Қазақ футболының құнды жәдігері Юнус Нигматуллиннің Германияда тұратын немересі қазақ футболының 100 жылдығы қарсаңында Семейдегі татарлар мұражайына тапсырған.

Біз бұл әңгімені неге еске түсіріп отырмыз? Енді соған тоқталайық.

Алматыдағы орталық мәдениет және демалыс паркі бар. Бұрыннан «Спартак» деп аталатын стадион да осында. Бұл, негізінен, Абай атындағы қазақ ұлттық педагогикалық университетке қарайды. Ұзақ жылдан бері жөндеу көрмеген осы стадионға биыл университет ерекше көңіл бөліп, күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізді.



«Спорт саласын дамытудағы дербес бағыт – спорт индустриясын дамыту

болып табылады, мұнда мәдениет және спорт саласы коммерциялық қызметтер көрсету мен халықтың әлеуметтік жұмыспен қамтылуының маңызды секторы ретінде қарастырылады.

Жоғарыда көрсетілген тәжірибені зерделеу негізінде Тұжырымдамада саламатты ұлтты дамытудың негізі ретінде спорт пен дене шынықтыру саласын дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау көзделеді».

(Дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2025 жылға дейінгі тұжырымдамасынан)

Ерлан Қойшыбай турнирдің ең үздік қақпашысы атанды. Ол жүлдесін атақты қақпашы Құралбек Ордабаевтың өз қолынан алды.

Жарыс соңында, жүлдегерлер қаржылай және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Мұхтар Әуезов стадионы барша жастарға қуаныш сыйлады. Ендігі жерде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеттің студенттері дене шынықтыру және спорт сабақтарын осында тұрақты өткізеді.

Амантай ҚАРАҚОВ

Бастама

Жастардың игілігі үшін!

Жастар – Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі. Тәуелсіздігіміздің нығайып, болашағымыздың жарқын болуы – олардың білімі мен іскерлігіне байланысты. Олардың өміріне қатысты бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі – бос уақыттарын дұрыс пайдалана білу. Бос уақыттың қаншалықты тиімді пайдаланылса, өнер үйренуге, шығармашылық ізденіске, дене тәрбиесін жетілдіруге бағытталса, оның барлығы рухани бағаға да мұрындық болатыны сөзсіз. Кез келген жас өз уақытын қажетінше пайдалы өткізсе білсе, ертеңі үшін алға қойған мақсат-мұраттарын қадарға алуға, көше істеген шаруаларының дұрыс немесе бұрыс екендігіне көз жеткізіп, жіберген қателіктеріне зейін қоюға мүмкіндіктері бар. Осылайша, алдына қойған мақсатына жету жолында өзін-өзі жетілдіре алады.

Осы орайда Атырау облысы жастар саясаты мәселелері басқармасының 2019 жылғы мемлекеттік тапсырысымен «Нұр белес» қоғамдық бірлестігі «Атырау қаласында жастардың бос уақытын тиімді өткізу орталықтарының жұмысын ұйымдастыру



бойынша қызметтер» жобасын ұйымдастыруда. Жоба бойынша Атырау қаласында және шаһарға қарасты ауылдық округтерде, халық көп шоғырланған ықшамаудандарда 10-29 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастардың бос уақытын тиімді өткізуге бағытталған 12 жастар орталығы ашылып, барлығы да жоспар бойынша тегін жұмыс істеуде.

Жастар орталықтарында ментальді арифметика, пікірсайыс, бисермен тоқу,

квиллинг, тігу өнері, шахмат, үстел теннисі, домбыра, гитара үйрену, ағылшын тілі, драма, акпараттық технология үйірмелері бар. Тәжірибеде көрсеткендей, жастардың тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізіп отырған бірден-бір шығармашылық орта осы. Жастар орталықтары қыз-жігіттерді тек пайдалы іске жұмылдыратындығына көз жеткізудеміз. Өйткені жастар орталықтарындағы үйірмелеріне қатысушылардың қарасы қалын.

Сонымен қатар жастар орталықтарында ұйымдастырылатын қалайша спорттық-мәдени, танымдық шаралар көпшіліктің орталық жұмысына деген қызығушылығын арттыруда. Түрлі үйірмелерге қатысушылар арасында өткізілген сайыстар да келушілердің белсенділігін арттырып, жеңіске деген талпынысты күшейтіп отыр. Үйірмелерге келушілердің сандық және сапалық қамтылуы, жұмыстың жүйелі ұйымдастырылуы, жастардың белсенділігі, іс-шаралардың мазмұнды өтуіне қарай тоқсан сайын жастар орталықтары арасында «Ең үздік жастардың бос уақытын тиімді өткізу орталығы» ауыспалы кубогы өткізіліп келеді.

Жастар жылына орай жастар орталықтарына қыз-жігіттердің көптеп тартылуы үшін әлеуметтік желілерде жарияланымдар беріліп, қала халқы көп шоғырланған орындарда акпараттық анықтамалықтар таратылды. Тегін үйірмелер болашақта жасөспірімдер мен жастардың жан-жақты, білімді, мәдениетті, ең бастысы, көрегенді әрі тәрбиелі боп қалыптасуына оң ықпалын тигізеді деген мақсатта жұмыстар жалғасуда.

Салтанат ӘДІЛЖАНОВА,

«Нұр белес» қоғамдық бірлестігінің төрайымы
(Мақала Атырау облысы Жастар саясаты мәселелері басқармасының тапсырысымен дайындалды)

БҮГІНГІ САТИРА



Біреу сізге: «Келініз!» деп алып, артынша: «Кете берініз!» десе жақсы көресіз бе? Бір түрлі болып қаласыз, тіпті ұнжырғаныз ұн болып, солып қаласыз! Бір депутат кабинетінде қоғамдық қабылдау жүргізіп жатыр дейді.

— Келініз! Кабинетіне ешкім кірмесе де: — Мұнда отыра берініз! — деді. Сосын, бос орындыққа қарап, желкесін қасыды да: — Иә, не мәселемен келдініз? — деп сұрады. Жок адам «үндемеді».

Кабинетіне сайтан да, шайтан да кірмесе де, орнынан тұрып:

Келініз, кете берініз!

— Неге сөйлемей отырсыз? —
— Бірдене десеңізші?
— ?
— Сөзден салат жесеңізші?
— ?
— Әшейін келдіңіз бе?
— ?
— Менің бірдене айтатыныма сендініз бе? Қандай адамсыз? Сөйлесеңізші? Ішім пысып кетті, тілім қышып кетті? Сөйлемейсіз бе? Онда шығып тұрыңыз, Қысқасы, бұл жерден құрыңыз! Келесі?

— Келініз! — деді. Сосын есікті нұсқап: — Кете берініз! — деп салды. Креслосына шалқая түсіп, ары-бері айналды да, есік жакқа қарады. Шашын таралды.

— Келесі? Ішке ешкім кірмесе де: — Сәлеметсіз бе? — деді, — мұнда отырыңыз, иә, не мәселемен келдіңіз? Шешеміз мәселені. Депутат болып босқа отырған жокпыз ғой? Не делініз? А? Міңгірлемей, анық айтыңызшы? — Ішім ауырып отыр?

— Қызық екенсіз, мен дәрігер емеспін ғой? Депутатпын! Мын тенге қарыз бере тұрыңызшы деймісіз? Сіз, не, ойнап отырсыз ба? Мен қоғамдық қабылдауды жүргізіп отырмын! Халықтың мәселелерін шешуім керек! Ал сіз қарыз сұрайсыз? А? Есінеуге бола ма деймісіз? Біздің елде тыйым салынған! Шығыңыз кабинеттен!

Ол жок адамды кабинетінен «қуып» шықты. Жүйкесі тозып, қолын сигаретіне созып, бір талын алды да, тұтата бастады: — Кірініз! Ешкім кірмесе де: — Көпбалалы анасыз ба? — деп сұрады. Сосын өзіне-өзі: — Иә, — деп жауап берді. — Туа бергенсіз, туа бергенсіз. Как будто, үкімет үшін туып жатқандай.

Өзіне-өзі: — Киналып кеттім... — деді. — Енді бала туу онай дейсіз бе? «Пык!» етіп шыға салатын шампанскийдің тығыны емес қой? Өзіне-өзі: — Жоға, өмірден киналып кеттім,

балаларыма жәрдемақы... — деп жауап берді. — Е, баяғылы бері солай демейсіз бе? Үкіметте ақша жок, енді туманыз, күйеуіңізге мораторий жарияланыз! — деген депутат жок «әйелді» де кабинетінен шығарып салды. Беу дүние-ай, осындай өтірік ақпар бере салатын, халықпен кездесе, кене шағып алатындай көретін депутаттардың бар екеніне сенесіз бе?

Мұхтар ШЕРІМ

ХАБАРААҢДЫРУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗДАР, САУДА-САТТЫҚ!

«КазТрансОйл» АҚ (заңды мекенжайы: Нұр-Сұлтан қ., Туран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, тел.: +7 (7172) 55 56 53) «КазТрансОйл» АҚ-тың кейбір жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің балансында тұрған көлік құралдарын сату бойынша тендер өткізу туралы хабарлайды.

2019 жылғы 12 тамыздағы жағдай бойынша «КазТрансОйл» АҚ-тың кейбір жекеленген құрылымдық бөлімшелерінің балансында тұрған көлік құралдарының алғашқы (бастапқы) бағасы: №1 лот «Toyota Land Cruiser 200» — 6 707 000 тенге; №2 лот УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 — 825 000 тенге; №3 лот Лада 21213/лада 21310 — 664 000 тенге; №4 лот ГАЗ 2217-5104/газ 2217-5104 — 712 000 тенге; №5 лот KIA Mohave — 5 299 000 тенге; №6 лот Iveco Power Daily — 4 121 000 тенге; №7 лот Toyota Land Cruiser 100 VX — 4 463 000 тенге; №8 лот Toyota Land Cruiser — 2 506 000 тенге; №9 лот Toyota Land Cruiser 2 485 000 тенге; №10 лот Toyota Coaster — 5 865 000 тенге; №11 лот Ssang Yong Kyron — 2 749 000 тенге; №12 лот Toyota Land Cruiser — 3 668 000 тенге; №13 лот Toyota Land Cruiser — 7 718 000 тенге; №14 лот Toyota Camry — 1 717 000 тенге; №15 лот УАЗ 31519 017/уаз 31519-017 — 769 000 тенге; №16 лот Toyota Hi Ace — 1 120 000 тенге; №17 лот УАЗ 39094/уаз 39094 — 629 000 тенге; №18 лот Iveco Power Daily — 4 121 000 тенге; №19 лот Паз 32054/паз 32054 — 1 340 000 тенге; №20 лот Toyota Coaster — 4 052 000 тенге; №21 лот Toyota Hiace 2WD — 1 728 000 тенге; №22 лот Toyota Coaster — 5 865 000 тенге; №23 лот Iveco Power Daily — 4 121 000 тенге; лот№24 Toyota Coaster — 5 865 000 тенге; №25 лот Hyundai County Long — 1 726 000 тенге; №26 лот BA3 21310/ваз 21310 — 682 000 тенге; №27 лот Toyota Camry — 1 344 000 тенге; №28 лот Ssang Yong Kyron — 2 749 000 тенге; №29 лот Toyota Land Cruiser — 4 206 000 тенге; №30 лот Toyota Land Cruiser 100 VX — 3 195 000 тенге; №31 лот Toyota Land Cruiser 200 VX — 7 698 000 тенге; №32 лот Iveco Power Daily — 4 198 000 тенге; №33 лот Iveco Power Daily — 4 198 000 тенге; №34 лот Iveco Power Daily — 4 121 000 тенге; №35 лот Daewoo BS 090 — 1 551 000 тенге; №36 лот Toyota Land Cruiser — 5 008 000 тенге; №37 лот Toyota Land Cruiser 200 VX — 6 710 000 тенге; №38 лот SsangYong Rexton — 4 755 000 тенге; №39 лот Toyota Land Cruiser — 4 206 000,00 тенге; №40 лот Toyota Hi Ace — 1 334 000,00 тенге; №41 лот Toyota Hi Ace — 1 510 000,00тенге; №42 лот Iveco Power Daily — 4 121 000 тенге; №43 лот УАЗ 21310/ваз 21310 — 682 000 тенге; №44 лот Toyota Camry — 1 344 000,00 тенге; №45 лот Toyota Land Cruiser 100 VX — 3 668 000 тенге; №46 лот Toyota Hiace — 4 130 000 тенге; №47 лот Toyota Hiace — 3 938 000 тенге; №48 лот Toyota Coaster — 5 225 000 тенге; №49 лот Toyota Land Cruiser 200 VX — 6 832 000 тенге; №50 лот Лада 21310/лада 21310 — 664 000 тенге; №51 лот Ssang Yong Kyron -2 749 000 тенге; №52 лот Toyota Land Cruiser — 6 707 000 тенге; №53 лот Toyota Land Cruiser 105gx — 4 202 000 тенге; №54 лот УАЗ 39099/уаз 3909 — 505 000 тенге; №55 лот ПАЗ 32054/паз 32054 — 1 340 000 тенге; №56 лот Iveco Power Daily — 4 121 000 тенге; №57 лот Toyota Coaster — 5 865 000 тенге; №58 лот Уаз 31519/уаз 31519 — 570 000тенге; №59 лот УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 — 825 000,00 тенге; №60 лот УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 — 825 000,00 тенге; №61 лот УАЗ 315195/уаз 315195 — 562 000тенге; №62 лот Кавз 397652/кавз 397652 — 466 000 тенге; №63 лот Toyota Land Cruiser 100 VX — 3 596 000 тенге; №64 лот Toyota Hiace — 2 929 000 тенге 2019 жылғы 12 тамыздағы жағдай бойынша.

№1 лот «Toyota Land Cruiser 200» бойынша кепілдік жарналар 335 350 тенге мөлшерінде; №2 лот УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 бойынша 41 250 тенге мөлшерінде; №3 лот Лада 21213/лада 21310 бойынша 33 200 тенге мөлшерінде; №4 лот ГАЗ 2217-5104/газ 2217-5104 бойынша 35 600 тенге мөлшерінде; №5 лот KIA Mohave бойынша 264 950 тенге мөлшерінде; №6 лот Iveco Power Daily бойынша 206 050 тенге мөлшерінде; №7 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 223 150 тенге мөлшерінде; №8 лот Toyota Land Cruiser 125 300 бойынша тенге мөлшерінде; №9 лот Toyota Land Cruiser бойынша 124 250 тенге мөлшерінде; №10 лот Toyota Coaster бойынша 293 250 тенге мөлшерінде; №11 лот Ssang Yong Kyron бойынша 137 450 тенге мөлшерінде; №12 лот Toyota Land Cruiser бойынша 183 400 тенге мөлшерінде; №13 лот Toyota Land Cruiser бойынша 385 900 тенге мөлшерінде; №14 лот Toyota Camry бойынша 85 850 тенге мөлшерінде;

№15 лот УАЗ 31519 017/уаз 31519-017 бойынша 38 450 тенге мөлшерінде; №16 лот Toyota Hi Ace бойынша 56 000 тенге мөлшерінде; №17 лот УАЗ 39094/уаз 39094 бойынша 31 450 тенге мөлшерінде; №18 лот Iveco Power Daily бойынша 206 050 тенге мөлшерінде; №19 лот Паз 32054/паз 32054 бойынша 67 000 тенге мөлшерінде; №20 лот Toyota Coaster бойынша 202 600 тенге мөлшерінде; №21 лот Toyota Hiace 2WD бойынша — 86 400 тенге мөлшерінде; №22 лот Toyota Coaster бойынша 293 250 тенге мөлшерінде; №23 лот Iveco Power Daily бойынша 206 050 тенге мөлшерінде; лот№24 Toyota Coaster бойынша 293 250 тенге мөлшерінде; №25 лот Hyundai County Long бойынша 86 300 тенге мөлшерінде; №26 лот BA3 21310/ваз 21310 бойынша 34 100 тенге мөлшерінде; №27 лот Toyota Camry бойынша 67 200 тенге мөлшерінде; №28 лот Ssang Yong Kyron бойынша 137 450 тенге мөлшерінде; №29 лот Toyota Land Cruiser бойынша 210 300 тенге мөлшерінде; №30 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 159 750 тенге мөлшерінде; №31 лот Toyota Land Cruiser 200 VX бойынша 384 900 тенге мөлшерінде; №32 лот Iveco Power Daily бойынша 209 900 тенге мөлшерінде; №33 лот Iveco Power Daily бойынша 209 900 тенге мөлшерінде; №34 лот Iveco Power Daily бойынша 206 050 тенге мөлшерінде; №35 лот Daewoo BS 090 бойынша 77 550 тенге мөлшерінде; №36 лот Toyota Land Cruiser бойынша 250 400 тенге мөлшерінде; №37 лот Toyota Land Cruiser 200 VX бойынша 335 500 тенге мөлшерінде; №38 лот SsangYong Rexton бойынша 237 750 тенге мөлшерінде; №39 лот Toyota Land Cruiser бойынша 210 300 тенге мөлшерінде; №40 лот Toyota Hi Ace бойынша 66 700 мөлшерінде; №41 лот Toyota Hi Ace бойынша 75 500 тенге мөлшерінде; №42 лот Iveco Power Daily бойынша 206 050 тенге мөлшерінде; №43 лот BA3 21310/ваз 21310 бойынша 34 100 тенге мөлшерінде; №44 лот Toyota Camry бойынша 67 200 тенге мөлшерінде; №45 лот Toyota Land Cruiser 100 VX бойынша 183 400 тенге мөлшерінде; №46 лот Toyota Hiace бойынша 206 500 тенге мөлшерінде; №47 лот Toyota Hiace бойынша 196 900 тенге мөлшерінде; №48 лот Toyota Coaster бойынша 261 250 тенге мөлшерінде; №49 лот Toyota Land Cruiser 200 VX бойынша 341 600 тенге мөлшерінде; №50 лот Лада 21310/лада 21310 бойынша 33 200 тенге мөлшерінде; №51 лот Ssang Yong Kyron бойынша 137 450 тенге мөлшерінде; №52 лот Toyota Land Cruiser бойынша 335 350 тенге мөлшерінде; №53 лот Toyota Land Cruiser 105gx бойынша 210 100 тенге мөлшерінде; №54 лот УАЗ 39099/уаз 3909 бойынша 25 250 тенге мөлшерінде; №55 лот ПАЗ 32054/паз 32054 бойынша 67 000 тенге мөлшерінде; №56 лот Iveco Power Daily бойынша 206 050 тенге мөлшерінде; №57 лот Toyota Coaster бойынша 293 250 тенге мөлшерінде; №58 лот Уаз 31519/уаз 31519 бойынша 28 500 тенге мөлшерінде; №59 лот УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 бойынша 41 250 тенге мөлшерінде; №60 лот УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 бойынша 41 250 тенге мөлшерінде; №61 лот УАЗ 315195/уаз 315195 бойынша 28 100 тенге мөлшерінде; №62 лот Кавз 397652/кавз 397652 бойынша 23 300 тенге мөлшерінде; №63 лот Toyota Land Cruiser 100 VX у бойынша 179 800 тенге мөлшерінде; №64 лот Toyota Hiace бойынша 146 450 тенге мөлшерінде 2019 жылғы 11 қарашалағы сағат 18-00-ге дейінгі мерзімнен кешіктірмей келесі деректер бойынша енгізіледі: «КазТрансОйл» АҚ; Нұр-Сұлтан қ., Туран даңғылы, 20-ғимарат, 12- тұрғын емес үй-жай; «Казахстан Халық банкі» АҚ, Нұр-Сұлтан қ., SWIFT BIC: HSBKZKZKX, КБЕ 16, ЖСК KZ346010111000046283 (тенге), БСН 970540000107.

Тендер 2019 жылғы 12 қарашада сағат 15-00-де мына мекенжай бойынша өткізіледі: Нұр-Сұлтан қ., Туран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, мәжіліс-залы, 4-ші кабат. Көлік құралдары туралы мәліметтер тендерлік құжат-тамада көрсетілген, оны сағат 09-00-ден 18-30-ға дейін мына мекенжай бойынша алуға болады: Нұр-Сұлтан қ., Туран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, 415-кабинет, тел.: (7172) 55 56 53.

Тендерге қатысатын жеткізушілердің тендерлік ұсыныстары 2019 жылғы 11 қарашада сағат 18-00-ге дейінгі мерзімнен кешіктірмей мына мекенжай бойынша қабылданады: Нұр-Сұлтан қ., Туран даңғылы, 20-ғимарат, 12-тұрғын емес үй-жай, 415-каб.

Көлік құралдарының төлем шарттары: барлық баға бойынша төлем сатып алу-сату шарты күшіне енген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

ВНИМАНИЕ, ТОРГИ!




АО «КазТрансОйл» (юридический адрес: г. Нур-Султан, проспект Туран, здание 20, нежилое помещение 12, тел.: +7 (7172) 55-56-53) сообщает о проведении тендера по реализации транспортных средств, находящихся на балансе некоторых обособленных структурных подразделений АО «КазТрансОйл».

Начальная (стартовая) цена транспортных средств, находящихся на балансе некоторых обособленных структурных подразделений АО «КазТрансОйл» по состоянию на 12 августа 2019 года: лот №1 «Toyota Land Cruiser 200» — 6 707 000 тенге; лот №2 УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 — 825 000 тенге; лот№3 Лада 21310/лада 21310 — 664 000 тенге; лот№4 ГАЗ 2217-5104/газ 2217-5104 — 712 000 тенге; лот№5 KIA Mohave — 5 299 000 тенге; лот№6 Iveco Power Daily — 4 121 000 тенге; лот№7 Toyota Land Cruiser 100 VX — 4 463 000 тенге; лот№8 Toyota Land Cruiser — 2 506 000 тенге; лот№9 Toyota Land Cruiser 2 485 000 тенге; лот№10 Toyota Coaster — 5 865 000 тенге; лот№11 Ssang Yong Kyron — 2 749 000 тенге; лот№12 Toyota Land Cruiser — 3 668 000 тенге; лот№13 Toyota Land Cruiser — 7 718 000 тенге; лот№14 Toyota Camry — 1 717 000 тенге; лот№15 УАЗ 31519 017/уаз 31519-017 — 769 000 тенге; лот№16 Toyota Hi Ace — 1 120 000 тенге; лот№17 УАЗ 39094/уаз 39094 — 629 000 тенге; лот№18 Iveco Power Daily — 4 121 000 тенге; лот№19 Паз 32054/паз 32054 — 1 340 000 тенге; лот№20 Toyota Coaster — 4 052 000 тенге; лот№21 Toyota Hiace 2WD — 1 728 000 тенге; лот№22 Toyota Coaster — 5 865 000 тенге; лот№23 Iveco Power Daily — 4 121 000 тенге; лот№24 Toyota Coaster — 5 865 000 тенге; лот№25 Hyundai County Long — 1 726 000 тенге; лот№26 BA3 21310/ваз 21310 — 682 000 тенге; лот№27 Toyota Camry — 1 344 000 тенге; лот№28 Ssang Yong Kyron — 2 749 000 тенге; лот№29 Toyota Land Cruiser — 4 206 000 тенге; лот№30 Toyota Land Cruiser 100 VX — 3 195 000 тенге; лот№31 Toyota Land Cruiser 200 VX — 7 698 000 тенге; лот№32 Iveco Power Daily — 4 198 000 тенге; лот№33 Iveco Power Daily — 4 198 000 тенге; лот№34 Iveco Power Daily — 4 121 000 тенге; лот№35 Daewoo BS 090 — 1 551 000 тенге; лот№36 Toyota Land Cruiser — 5 008 000 тенге; лот№37 Toyota Land Cruiser 200 VX — 6 710 000 тенге; лот№38 SsangYong Rexton — 4 755 000,00тенге; лот№39 Toyota Land Cruiser — 4 206 000,00 тенге; лот№40 Toyota Hi Ace — 1 334 000,00тенге; лот№41 Toyota Hi Ace — 1 510 000,00 тенге; лот№42 Iveco Power Daily — 4 121 000,00тенге; лот№43 BA3 21310/ваз 21310 — 682 000тенге; лот№44 Toyota Camry — 1 344 000,00 тенге; лот№45 Toyota Land Cruiser 100 VX — 3 668 000,00 тенге; лот№46 Toyota Hiace — 4 130 000 тенге; лот№47 Toyota Hiace — 3 938 000 тенге; лот№48 Toyota Coaster — 5 225 000 тенге; лот№49 Toyota Land Cruiser 200 VX — 6 832 000 тенге; лот№50 Лада 21310/лада 21310 — 664 000 тенге; лот№51 Ssang Yong Kyron -2 749 000 тенге; лот№52 Toyota Land Cruiser — 6 707 000 тенге; лот№53 Toyota Land Cruiser 105gx — 4 202 000 тенге; лот№54 УАЗ 39099/уаз 3909 — 505 000 тенге; лот№55 ПАЗ 32054/паз 32054 — 1 340 000 тенге; лот№56 Iveco Power Daily — 4 121 000 тенге; лот№57 Toyota Coaster — 5 865 000 тенге; лот№58 Уаз 31519/уаз 31519 — 570 000 тенге; лот№59 УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 — 825 000 тенге; лот№60 УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 — 825 000,00 тенге; лот№61 УАЗ 315195/уаз 315195 — 562 000,00 тенге; лот№62 Кавз 397652/кавз 397652 — 466 000 тенге; лот№63 Toyota Land Cruiser 100 VX — 3 596 000 тенге; лот№64 Toyota Hiace — 2 929 000 тенге по состоянию на 12 августа 2019 года.

Гарантийные взносы по лоту №1 «Toyota Land Cruiser 200» в размере 335 350 тенге; по лоту №2 УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 в размере 41 250 тенге; по лоту №3 Лада 21310/лада 21310 в размере 33 200 тенге; по лоту №4 ГАЗ 2217-5104/газ 2217-5104 в размере 35 600 тенге; по лоту №5 KIA Mohave в размере 264 950 тенге; по лоту №6 Iveco Power Daily в размере 206 050 тенге; по лоту №7 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 223 150 тенге; по лоту №8 Toyota Land Cruiser в размере 125 300 тенге; по лоту №9 Toyota Land Cruiser в размере 124 250 тенге; по лоту №10 Toyota Coaster в размере 293 250

МҮКІС МҮЙІС

Бренд киім-кешектердің қазақ тіліндегі кез келген жапсырмасынан қате табасыз. Мұны біз Алматыдағы ірі сауда орталықтарын арнайы аралау барысында көз жеткіздік. Мысалы, «Шұлық — шұлық», «Пиджак — пенжак», «Сумка — сомке» деп жазылған. Ал «анықтама қағаздағы қазақша жазулар неге қате?» деген сауалға сатушылар «Мәтінге жауап бермейміз» деп құтылды. Олар тауарды жеткізугіш компаниялар берген нұсқамен ғана қабылдайды екен. Сонда мемлекеттік тілдің тазалығына кім жауап береді?



тенге; по лоту №11 Ssang Yong Kyron в размере 137 450 тенге; по лоту №12 Toyota Land Cruiser в размере 183 400 тенге; по лоту №13 Toyota Land Cruiser в размере 385 900 тенге; по лоту №14 Toyota Camry в размере 85 850 тенге; по лоту №15 УАЗ 31519 017/уаз 31519-017 в размере 38 450 тенге; по лоту №16 Toyota Hi Ace — 56 000 тенге; по лоту №17 УАЗ 39094/уаз 39094 в размере 31 450 тенге; по лоту №18 Iveco Power Daily в размере 206 050 тенге; по лоту №19 Паз 32054/паз 32054 в размере 67 000 тенге; по лоту №20 Toyota Coaster в размере 202 600 тенге; по лоту №21 Toyota Hiace 2WD в размере 86 400 тенге; по лоту №22 Toyota Coaster в размере 293 250 тенге; по лоту №23 Iveco Power Daily в размере 206 050 тенге; по лоту №24 Toyota Coaster по размере 293 250 тенге; по лоту №25 Hyundai County Long в размере 86 300 тенге; по лоту №26 BA3 21310/ваз 21310 в размере 34 100 тенге; по лоту №27 Toyota Camry в размере 67 200 тенге; по лоту №28 Ssang Yong Kyron в размере 137 450 тенге; по лоту №29 Toyota Land Cruiser — в размере 210 300 тенге; по лоту№30 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 159 750 тенге; по лоту №31 Toyota Land Cruiser 200 VX в размере 384 900 тенге; по лоту №32 Iveco Power Daily в размере 209 900 тенге; по лоту №33 Iveco Power Daily в размере 209 900; по лоту №34 Iveco Power Daily в размере 206 050 тенге; по лоту №35 Daewoo BS 090 в размере 77 550 тенге; по лоту №36 Toyota Land Cruiser 250 400 тенге; по лоту №37 Toyota Land Cruiser 200 VX в размере 335 500 тенге; по лоту №38 SsangYong Rexton в размере 237 750 тенге; по лоту №39 Toyota Land Cruiser в размере 210 300 тенге; по лоту №40 Toyota Hi Ace в размере 66 700 тенге; по лоту №41 Toyota Hi Ace в размере 75 500; по лоту №42 Iveco Power Daily в размере 206 050 тенге; по лоту №43 BA3 21310/ваз 21310 в размере 34 100 тенге; по лоту №44 Toyota Camry в размере 67 200 тенге; по лоту №45 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 183 400 тенге; по лоту №46 Toyota Hiace в размере 206 500 тенге; по лоту №47 Toyota Hiace в размере 196 900 тенге; по лоту №48 Toyota Coaster в размере 261 250 тенге; по лоту №49 Toyota Land Cruiser 200 VX в размере 341 600 тенге; по лоту №50 Лада 21310/лада 21310 в размере 33 200 тенге; по лоту №51 Ssang Yong Kyron в размере 137 450 тенге; по лоту №52 Toyota Land Cruiser в размере 335 350 тенге; по лоту №53 Toyota Land Cruiser 105gx в размере 210 100 тенге; по лоту №54 УАЗ 39099/уаз 3909 в размере 25 250 тенге; по лоту №55 ПАЗ 32054/паз 32054 в размере 67 000 тенге; по лоту №56 Iveco Power Daily в размере 206 050 тенге; по лоту №57 Toyota Coaster в размере 293 250 тенге; по лоту №58 Уаз 31519/уаз 31519 в размере 28 500 тенге; по лоту №59 УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 в размере 41 250 тенге; по лоту №60 УАЗ 3163-023/уаз 3163-023 в размере 41 250 тенге; по лоту №61 УАЗ 315195/уаз 315195 в размере 28 100 тенге; по лоту №62 Кавз 397652/кавз 397652 в размере 23 300 тенге; по лоту №63 Toyota Land Cruiser 100 VX в размере 179 800 тенге; по лоту №64 Toyota Hiace в размере 146 450 тенге вносится в срок не позднее 18-00 часов 11 ноября 2019 года по следующим реквизитам: АО «КазТрансОйл»; г. Нур-Султан, проспект Туран, здание 20, нежилое помещение 12; АО «Народный Банк Казахстана», г. Нур-Султан, SWIFT BIC: HSBKZKZKX, КБЕ 16, ИИК KZ346010111000046283 (тенге), БИН 970540000107.

Тендер будет проводиться 12 ноября 2019 года в 15-00 часов по адресу: г. Нур-Султан, проспект Туран, здание 20, конференц-зал, 4-й этаж.

Сведения о транспортных средствах указаны в тендерной документации, которую можно получить с 09-00 до 18-00 часов по адресу: г. Нур-Султан, проспект Туран, здание 20, нежилое помещение 12, кабинет 415, тел.: (7172) 55 56 53.

Тендерные предложения участников тендера принимаются не позднее 18-00 часов 11 ноября 2019 года по адресу: г. Нур-Султан, проспект Туран, здание 20, нежилое помещение 12, кабинет 415.

Условия оплаты транспортных средств: оплата всей стоимости осуществляется в течение 5 (пяти) рабочих дней после подписания договора купли-продажи.

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Жолдасбек ДУАНАБАЙ Бас редактордың орынбасары

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жасстар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚУСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ— Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Ерман ӘБДИЕВ — Жамбыл облысы (8 705 256 50 05)

Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahmutba@online.no

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:
«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың орынбасары
Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:
050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үйі, №61 кеңсе, 3-кабат
(*Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы*)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырме — №2186;
Бағасы келісім бойынша

Аптаалық таралымы — 8 000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуежолдарының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2018 жылдың 14 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта е